Люди с высоким уровнем самопринятия, как правило, испытывают меньше психических расстройств и имеют лучшие механизмы преодоления стрессовых ситуаций. Самопринятие тесно связано с самооценкой. Принятие себя, включая свои недостатки, способствует здоровому чувству собственного достоинства.

### ***Позитивные отношения***

В психологии признаками позитивных отношений являются:

- уважение и доверие;
- общение и совместная деятельность;

- открытое общение;
- взаимная поддержка;
- взаимная выгода;
- положительные эмоции для обеих сторон;
- общие ценности и взгляды.

Студенты постоянно взаимодействуют. Даже когда они не работают вместе, они оказывают влияние друг на друга своим поведением и чувствами. Исследования показывают, что рабочие или учебные группы с большей вероятностью добьются успеха, если люди внутри группы ладят друг с другом.

### ***Управление окружающей средой (environmentalmastery).***

Согласно К. Рифф, мастерство управления окружающей средой – это эффективное управление факторами и действиями окружающей среды, в том числе управление повседневными делами, создание ситуаций для удовлетворения личностных потребностей. Высокое мастерство говорит об умении эффективно использовать окружающие возможности; способность выбирать или создавать контексты, соответствующие личностным потребностям и ценностям человека.

### ***Чувство цели и смысла жизни***

В психологии чувство цели может означать конкретные жизненные цели или чувство мотивации выполнять повседневные дела.

Чувство цели и способность адаптировать его на разных этапах жизни положительно влияет на здоровье и благополучие, включая физическое здоровье и то, как человек реагирует на стресс. Исследования западных психологов показывают, что с чувством цели человек может продлить себе жизнь.

Ощущение цели дает человеку четкое понимание того, что он хочет делать. Это может быть цель в жизни, которая заставляет человека хотеть хорошо учиться, работать или тренироваться. Существует тесная связь с внутренней мотивацией. Люди с чувством цели усердно работают из-за истинного интереса к своей цели, а не потому, что им приходится это делать.

### ***Личностный рост и развитие***

Личностное развитие – это взгляд внутрь себя и сосредоточение внимания на способах самосовершенствования. Личностное развитие повышает самосознание, самооценку, повышает навыки и реализует устремления человека.

### ***Анализ исследования***

Анализ данных опросника по определению психоэмоциональных состояний показал достаточно благоприятный уровень самочувствия, активности и настроения обучающихся.

### ***Самочувствие***

Высокую оценку уровню своего самочувствия дали 75% обучающихся.



22% из общего количества студентов оценивают свое самочувствие как среднее, что, также, является хорошим показателем.

Низкую оценку своему самочувствию дали 8 респондентов, что составляет 3% от общего количества студентов.

Данные по оценке уровня самочувствия представлены в рис.1.




Рисунок 1 - Оценка уровня самочувствия

### *Настроение*

Анализ данных по оценке уровня настроения показал благоприятное состояние. Эти показатели близки к показателям уровня оценки самочувствия.

74% респондентов дали высокую оценку своему настроению.

Средний уровень оценки настроения показали 22% опрошенных. 4% из числа обучающихся, т.е. 11 респондентов, дали низкую оценку своему настроению.

Данные по оценке уровня настроения представлены в рис.2.

### *Активность*

Анализ данных по оценке активности выявил наименьшие показатели из числа трех исследованных психоэмоциональных состояний обучающихся. Максимальное количество обучающихся – 114 студентов, что составляет 44% от общего количества, дали среднюю оценку своей активности, что является благоприятным показателем.

Высокую оценку своей активности дали 39 % респондентов, – 101 студент от общего количества опрошенных.



Рисунок 2 – Оценка уровня настроения

Низкую оценку своей активности дали 44 студента, что составляет 17% от общего количества опрошенных.

Данные по оценке уровня активности представлены в рис. 3.




Рисунок 3 - Оценка уровня активности

Сравнительный анализ данных по трем психоэмоциональным состояниям выявил различия между показателями самочувствия, настроения и активности студентов: если 75% и 74% обучающихся оценили свои психоэмоциональные состояния – самочувствие и настроение, как высокие, то уровень высокой активности отметили всего 39 %, т.е. при благоприятном уровне самочувствия и настроения, отмечается сниженная активность.

У 32-х респондентов, что составляет 12% от общего количества опрошенных, отмечается низкий уровень активности при высоких показателях уровня самочувствия и настроения.

## ВЫВОДЫ

Исследование психоэмоциональных состояний студентов – самочувствия, активности и настроения, позволяет выделить следующие характеристики:

1. Средние показатели уровня психоэмоциональных состояний студентов КазАДИ им. Л.Б. Гончарова следующие:

Психоэмоциональное состояние	Средний показатель
Самочувствие	5,6
Активность	4,4
Настроение	5,7

По семибалльной шкале уровень активности можно оценить как средний. В то время как самочувствие и активность можно оценить как выше среднего.

2. Показатели уровня самочувствия и настроения студентов выше среднего, а некоторые студенты дали максимально высокий балл.

3. Неравное соотношение между показателями оценки самочувствия и активности – низкий уровень активности при высоких оценках уровня самочувствия.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

[1] Михайлова О.Б., Фаренникова Е.С. Особенности психологического самочувствия представителей различных профессиональных групп в период пандемии COVID-19 // Мир науки. Педагогика и психология, 2020 №4, <https://mir-nauki.com/PDF/67PSMN420.pdf> (доступ свободный). Загл. с экрана. Яз. рус., англ.

[2] Тугайбаева Б.Н., Харитоновна Е.В., Холондович Е.Н. Психологическое самочувствие современной личности // Человек. Искусство. Вселенная. 2019. № 1. с.

[3] Кондаков И.М.. - СПб.; М. : Прайм-ЕВРОЗНАК, 2003 (М. : ПФ Красный пролетарий). - 508 с. : ил., портр.; 27 см. - (Психологическая энциклопедия).; ISBN 5-93878-093-4

[4] Немов Р.С. Психологический словарь, М., Владос, 2007.

[5] Конюхов Н.И. Прикладные аспекты современной психологии. Термины, законы, концепции, методы. Справочное издание, г. Москва - 1992 г.

[6] Никифоров А.Н. Неврология: полный толковый словарь. ЭКСМО, ISBN 5699367403, 9785699367405.

[7] Краткий энциклопедический словарь: Адаптивная физическая культура : Учеб. пособие по специальностям "Адаптивная физическая культура" и "Физическая культура" /Э.Н. Вайнер – М. : Флинта, 2003 . – 144 с. – (Здоровый образ жизни) . - ISBN 5-89349-557-8

[8] <https://www.everydayhealth.com/emotional-health/all-about-having-a-sense-of-purpose-what-it-means-and-why-its-so-good-for-you/> All About Purpose: What It Means and Why It's So Good for You.

[9] <https://www.bps.org.uk/psychologist/autonomy-pillar-success>.

[10] <https://steverosephd.com/what-is-self-acceptance>.

[11] <https://schools.au.reachout.com/articles/relationships-and-positive-psychology>

[12] <https://livingmeanings.com/six-criteria-well-ryffs-multidimensional-model/>

[13]. <https://www.psychologytoday.com/intl/blog/theory-knowledge/201405/six-domains-psycho-logical-well-being>

[14] <https://www.betterup.com/blog/personal-development> by Madelline Miles.

## ОӘЖ 340.1

*Қ. Намазбаев*

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Л.Б.Гончаров ат. ҚазАЖИ, Алматы қ., Қазақстан)

**Аннотация.** В этой статье приведены результаты исследования взаимосвязи социальных сетей и преступности, где сайты социальных сетей являются путеводителем для молодежи в условиях повседневных изменений современного общества. Кроме того, был проведен криминально-правовой анализ преступлений, совершаемых через социальные сети, с акцентом на полезные и бесполезные аспекты социальной сети. Сегодня установлено, что существуют различные точки зрения, связанные с тенденциями развития социальных сетей, что говорит о том, что приоритеты ее развития напрямую связаны с целевой аудиторией, на которую ориентируется социальная сеть. В условиях повседневных изменений общества молодежь рассматривалась сайтами социальных сетей как путеводитель. В ходе формирования мирового знания в эпоху информатизации были выявлены эффективные моменты цели создания общества знаний в использовании социальных сетей. Средства массовой информации выявили основные пути информационного обеспечения этого процесса путем предоставления гражданам более полной информации о наиболее важных тенденциях и явлениях, происходящих в обществе, о действиях и взглядах властей в свете волнующих граждан вопросов и проблем и провели исследование большого количества информации на любые слова и источники информации, передаваемые в социальных сетях. В ходе исследования статьи пользователям социальных сетей предлагается несколько способов решения проблемы, описывая социальные сети как огромный инструмент влияния на общество.

**Ключевые слова:** сеть, социальные сети, средства массовой информации, право, общество, преступность.

**Abstract.** In this article, systematic studies were conducted on the relationship between social networks and crime, where social media sites are a guide for young people in the context of everyday changes in modern society. In addition, a criminal and legal analysis of crimes committed through social networks was conducted, with an emphasis on useful and useless aspects of the social network. Today, it has been established that there are different points of view related to the trends in the development of social networks, which suggests that the priorities of its development are directly related to the target audience that the social network focuses on. In the context of everyday changes in society, young people were considered by social media sites as a guide. During the formation of world knowledge in the era of informatization, effective moments of the goal of creating a knowledge society in the use of

*social networks were identified. The mass media have identified the main ways of providing information to this process by providing citizens with more complete information about the most important trends and phenomena occurring in society, about the actions and views of the authorities in the light of issues and problems of concern to citizens and conducted a study of a large amount of information on any words and sources of information transmitted on social networks. During the research of the article, users of social networks are offered several ways to solve the problem, describing social networks as a huge tool for influencing society.*

**Keywords:** network, social networks, mass media, law, society, crime.

## КІРІСПЕ

Қазіргі заман-ақпараттық технологиялардың даму дәуірі. Ақпаратты жинау мен өңдеудің және оны таратудың әртүрлі әдістері мен технологиялары адамзатқа секунд сайын жаңа ақпарат алуға, ақпарат алмасуға үлкен мүмкіндік береді. Осыған сәйкес трансше-каралық деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланудың құқықтық негізін реттейтін халықаралық-құқықтық нормаларды бөлу мәселесі туындайды. Ақпараттық кеңістіктің құқықтық жағ-дайын, оны жеке тұлғалардың пайдалану тәртібін реттейтін халықаралық-құқықтық қағидаттар мен нормалар шартты түрде Халықаралық ақпараттық құқық терминін ұстанатын кешенді институт болып табылады.

Әлеуметтік желі бұл бүкіләлемдік түйін. Сондықтан біз оны жабық ете алмаймыз. Біз желіні жаңа технологияның жетістігі деп түсінуіміз керек. Біздің ғасыр ақпарат тасқынына толы ғасыр болды. Ағынның күшті болғаны соншалық, адам ақпаратты қадағалай алмады. Қазіргі қоғам-жаңа ақпараттық технологиялар қоғамы және ХХІ ғасырдың осы бағыты-қоғамның дамуының жаңа дәрежесіне әкелді. Ақпарат алмасу, қарым-қатынас орнату, жұмыс іздеу, оқу мүмкіндігі және тағы басқалар нақты әлемде емес, виртуалды әлемде орын ала бастады. Интернет жастар үшін ең сенімді құралдардың біріне айналды. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы интернет арқылы, дәлірек айтсақ, әлеуметтік желілер арқылы «сөйлеседі» және бетпе-бет сөйлеспейді.

Әлеуметтік медианы әркім әр түрлі мақсатта пайдаланады. Өз қызметін пайдаланатын, жарнама жасайтын, желі арқылы басқаратындар бар. Қалай болғанда да, әлеуметтік медианың қоғамға әсері қазір пайда бола бастады. Адамдар арасындағы кедергіні бұзған әлеуметтік медиа бізге қарым-қатынас орнатуға шексіз мүмкіндік-тер береді. Дегенмен, «таяқтың екі ұшы бар» деп оның артықшылықтары да, кемшіліктері де бар екенін айтамыз.

Қазіргі уақытта әлеуметтік медианың біздің қоғамға тигізетін пайдасын қарастырайық. Біз әлеуметтік медианы пайдалы іске айналдырған елдерді білеміз. Мысалы, Өзбекстан желіні қолдана отырып, бизнес саласында белгілі бір дәрежеге жетті. Әр түрлі әлеуметтік жобалардың арқасында, мейлі ол Бизнес болсын, Facebook-тің функционалдығы кеңейіп келеді. Сондықтан ең бастысы-әлеуметтік желілерді дұрыс қолдана білу. Бүгінгі таңда елдегі

кез-келген жұмыс істейтін мекемелер өз сайттарын интернетте орналастырудан басқа, кері байланысты қалыптастыруда әлеуметтік желілердің көмегіне сүйенеді. Әрине, оның қызметтерін әлеуметтік желілер арқылы жылжыту немесе сілтемелер беру арқылы жағымды жақтарын көрсетудегі көмегі орасан зор. Сонымен қатар, кезкелген азаматтың электронды жәшігі болғандықтан, олардың ішкі сезімдері басқалар сияқты виртуалды әлемге енгісі келеді. Әлеуметтік желілердегі электрондық шақыру қағаздары да қызығушылық тудырады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әлеуметтік желінің өзіне тән келесі пайдасы кез-келген ақпаратқа қол жетімділік. Бүгінгідей, ақпарат заманында азаматтар өзіне керекті ақпаратты әлеуметтік желілерден тез алады. Сонымен қатар, азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру мақсатында, бірнеше пайдалы сайттар өз жұмысын атқарып жатыр. Онда жаңа заңнамалар, олардың қолданылуы, заңдарға енгізілген өзгерістер үнемі түсіндіріліп отырады. Заңдардың дұрыс қолданылуы, кәсіпкерлер құқығы, заңсыз тексерулер, борышкерлер міндеті үнемі құзырлы органдармен үнемі қадағаланып отырады.

Әлеуметтік желінің бірқатар зиянды аспектілерін қарастырайық:

Ақпараттық қауіпсіздік жоқ. Әлеуметтік желіде тіркелген адамдар өздері туралы толық ақпарат береді. Бұл өз кезегінде ақпараттың ағып кетуіне әкеледі. Әлеуметтік желідегі ақпараттың сақталуына ешкім кепілдік бере алмайды.

Және қызығушылықты жояды. Әлеуметтік медиа интернеттің бір бөлігі болғандықтан, адамның қызығушылығы бұл қасиетті жояды. Ақпаратты тез және қиындықсыз алуды үйренгеннен кейін, оны терең іздеу, басқа көздерден, атап айтқанда кітаптан іздеу екінші және тіпті үшінші деңгейге шығады.

Қылмыс құралы ретінде пайдалану. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде (мысалы, Вконтакте) түрлі діни экстремистік топтардың беттері жұмыс істейді. Яғни, егер оның бақылауы болмаса, сол парақшалар әлеуметтік желі қолданушыларын қорлай бастайды немесе осы парақшаларды өздерінің қылмыстық ойындарын жүзеге асыру үшін қолдана бастайды.

Тағы да айтып кететін бір мәселе, әлеуметтік желі кримина-листикада да өз септігін тигізеді. 2013 жыл 8 қазан Ақтөбеде жантүршігерлік қылмыс тіркелді. 14 жасар қыздың сөмкеге салынған жалаңаш мәйіті табылды. Тергеу көрсеткендей, жасөспірім зорлықпен өлтірілген. Бұл оқиға, осы тектес қылмыстарға еті үйрене бастаған қоғамның назарынан тағы да тыс қалар ма еді, кім білген, бірақ, жұрттың жағасын ұстатты. Қылмыскерлер жасөспіріммен әлеуметтік желіде танысып, жалданған пәтерге алдап шақырып алған. Бұл кейін тергеушілер құрбанның «агентін» тексе-ре бастағанда әшкере болды. Әлеуметтік желілер болмағанда мұндай қылмыс болмас та еді. Енді

өкіруге кеш. Арам пиғылды адамдар үшін бұл бір таптырмас құрал болып тұр [1].

Әлеуметтік желілердің жағымсыз жақтары: бос уақыттың жұмсалуды; оппоненттің манипуляциялық тәсілдеріне мән бермей, алдауына түсу; ақпараттың ақиқаты мен жалғандығын айыра алмау, кез келген ақпараттың ұсынылуы; қоғам құндылықтарына жатпайтын лас сөздерді пайдалану, теріс пиғылды азаматтардың өз мүддесін жүзеге асыру үшін мүмкіндігінің болуы; ақпаратты кез келген тұлғаның өз мүддесі үшін пайдалануы; толықтай электронды бағыныштылық.

Әлеуметтік желіні кім қалай пайдаланамын десе де өз еркі. Бірақ қазіргі қоғамда болып жатқан жағдайларға бейжай қарауға болмайды. Себебі, жастар көп уақытын әлеуметтік желіге арнаған-дықтан және де ата-аналардың тарапынан қадағалау болмаған-дықтан, олардың қандай желілерде, қандай парақшада отырғаны белгі-сіз. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, жастардың өздеріне қол жұмсауы, әлеуметтік желілерде кеңінен таралған әдістер арқылы жасалуы және оларды осындай қадамға жасауға итермелейтін де парақшалар бар екені белгілі.

### *Зерттеу құралдары мен әдістері*

Жеке азаматтарға төніп тұрған қауіп өз алдына, бір ғана адам бір мемлекеттің тағдырына ықпал ете алады. Мысалы, Мысырдағы бас көтерулерге қатысы бар деген айыппен Google компаниясының топ-менеджері Ваэль Гоним тұтқындалған. Әлеуметтік желіде бас көтеруге шақыратын парақша ашып, толқуларға ықпал еткенін оның өзі де мойындаған. Бұл айыптының анықталғаны. Ал оның анықталмағаны қанша?

В контакте әлеуметтік желісі балалар мен жастар үшін өте қауіпті. Себебі, бұл желінің ішінде неше түрлі жабық топтар, ашық топтар бар. Балаңыздың қайда, қай топта отырғанын біле алмайсыз. Қазір әлеуметтік желі, діни топтар жетектеп алып келеді. Педофилдер кішкентай баланы жетектеп алып кетсе, түрлі әлеуметтік топтар да балаңызды уысына оңай түсіреді. Сөйтіп, уақыт өте келе сіз балаңыздың қалай террориске айналғаны, байқамай қаласыз. Сіз оны, ол сізді түсіне аймайтын дәрежеге жетеді. Діни істер агенттігі 500 сайтты жапқанын хабарлады. Бірақ статистика бойынша, Қазақстанда күніне орта есеппен 800 сайт ашылады екен. Өкінішке қарай, интернетке қосылудың түрлі тәсілі пайда болған бүгінгі күнде арандатушылық бағытта парақша ашқандарды қолға түсіру немесе оларға шектеу қою оңай шаруа емес. Арам ойын асырғысы келгендер кез келген нүктеден қосылып, ойына келген сөзді әлеуметтік желілер арқылы таратып жіберуі мүмкін. Ізін жасыру үшін бөтен адамның атымен тіркелу, біреудің құпиясөзін бұзып кіру, бақылау орнатылмаған интернет орталықтарынан қосылу секілді тәсілдерге жүгінеді. Мына бір дерекке қараңыз: Сирияда әскери шиеленістерге қатысқан сарбаздардың 2 мыңнан астамын олар

әлеуметтік желі арқылы түрлі елдерден жинап алған екен. Өкініштісі сол, оның ішінде қандаста-рымыздың да болуы алаңдатады. 2013 жылдың қазан айында «YouTube» сайтында Сирияға жиһадқа барған қазақтар екенін мәлімдеп отырған адамдар жайында бейнеролик жарық көрді.

Әлеуметтік желінің келесі кемшілігі-оған тәуелділік. Онда байланыстар саны артқан сайын, оған қызығушылық танытқандар саны артып келеді. Әлеуметтік желілерде мыңдаған достары бар адамдардың шынайы өмірде құпиямен бөлісетін бірде-бір серігі жоқ. Оны аямайтындар кем емес. Виртуалды әлемді білмейтіндер көрмейтін досының мақтауымен тамақтанады және өзін керемет сезінеді, Көпшілікпен қарым-қатынастан артта қалады. Бір күн Интернетке қосылмаған кезде, ол әлемнің керемет жаңалықтарынан айырылғандай мазасыздана бастайды, тіпті жартылай қолы немесе аяғы жоқ адамға айналады. Әрине, көптеген адамдар компьютерде немесе ұялы телефонда ұзақ уақыт өткізудің денсаулыққа зиянды екенін біледі. Бірақ адамдар оны қолданудан өте сирек бас тартады. Керісінше, Интернетке тәуелділік артып келеді.

Әлеуметтік желіде тіркелгендер көп жағдайда өздері туралы ашық жазуды жалғастырады. Қылмыскерлер мұндай ақпаратты пайдаланғаны таңқаларлық емес. «Ертең мен ауылға барамын, дүйсенбіде кездескенше достар!» бір аңғал жігіт ауылдан оралып, үйін тонап кетті. - Мен сенің не істеп жатқаныңды білмеймін бе? әлеуметтік желілерде өзіне ұқсайтын жалғызбасты әйелді тапқан қылмыскер онымен дос болды. Толық сенімді болғаннан кейін, ол үйіне барып, оған есім, мүлік беру арқылы оны өлтірді. Статистикаға сәйкес, әлемде жыл сайын 100-ге жуық адам әлеуметтік желілерде қалдырған хатының салдарынан қайтыс болады [2].

Әлеуметтік желі арқылы танысып, ғашық болып, тіпті отау құрып жататындар да болады. Бірақ, өкінішке орай, әлеуметтік желі арқылы жақсы адамнан гөрі, арам ойлы жандармен байланысып, өкінішке қалып жататын жайлар көп. Әлеуметтік желілерді пайдаланып, кәметке толмаған балаларды азғырып, арам ойларын жүзеге асыратын педофилдердің шабуылы кейінгі кезде көбейіп барады. Міне, осылардан байқап отырғанымыздай әлеуметтік желілердің пайдасынан да залалы көп болып тұр.

Жоғарыда көрсетіліп кеткен мәліметтерге сәйкес дамыған мемлекеттерде әлеуметтік желіні пайдаланудағы сауаттылық деңгейі әлде қайда жоғары. Қазақстан әлеуметтік желінің пайдаланып тұстарын өз қажеттілігіне тиісті деңгейде жүзеге асыра алмай отыр. Сол себепті, әлеуметтік желі саласындағы қоғам-дық қатынастарды құқықтық реттеуде келесі мәселелер ескерілуі қажет деп есептейміз:

1. Әлеуметтік желі қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін құқықтық реттеу;
2. Әлеуметтік желіге тіркелуді жүйелі тәртіпке келтіру;
3. Ақпарат тарату мен жариялау және шектеудің құралы ретінде интернет пайдаланушының жауапкершілігін сезіндіру;



4. Әлеуметтік желідегі авторлық құқықтың қорғалу мәселесін реттеу;
5. Нақты жауаптылық түрлерін айқындау.

Бұқаралық ақпарат құралдарын қалай пайдалану керектігін айтатын адам еркін. Оған ешкім шектеу қоя алмайды. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, ескерту жағдайы-әлеуметтік желілерде орналастырылған ақпарат тексерілмейді және сүзілмейді. Сондықтан қазіргі уақытта азаматтардың арнамысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін деректер саны артып келеді. Жастар арасында кең назар аударатын және кеңінен талқыланатын парақшалардың бірі - «тауық». Бүгін біздің қаламызда «Қостанай тауықтары» парақшасы жұмыс істейді. Бірақ бұл бетте жазылған деректердің қаншалықты рас екендігі белгісіз. Себебі қыздардың арнамысы мен қадір-қасиетіне қатысты сөздер жазылады. Бірнеше жыл бұрын Ақтөбеде осындай парақшаның салдарынан жас қыз қайтыс болды. Өзі туралы оқыған негативке төтеп бере алмай, ол өзін-өзі өлтіріп, оны жүрегіне алды [3].

Ол парақшаларды өзге біреудің атымен ашып, өздеріне келер еш жауапкершілікші сезінбей, өзгелердің өміріне балта шауып жатқаны белгілі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабына сәйкес, әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, арнамысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. Бірақ болып жатқан жағдайлардың арғы жағында тұрған тұлғалар, өздеріне жүктелген міндеттерді мойындағысы жоқ, одан бетері жас жеткіншектердің арнамысы мен абыройына нұқсан келтіретін парақшалардың күн артып көбейіп келе жатқаны бізге мәлім.

Ғаламтор арқылы кәсіп пен БАҚ-та жаңаша бағыт алып, қылмыс түрлерінің жаңа мүмкіндіктері мен ынталылыққа қол жеткізіп отыр. Кибер қылмысының тікелей қарқындылығының нәтижесінде экономиканың көлемді қаржы шығындарын көрудеміз. Үнді ақпаратты технологтары және онлайн Гальдер және Джайшан-карқауіпсіздігінің зерттеушілері, «Кибер Қылмыстың» ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялық жүйелерін қолдануы әдейі қауіпті актілерге себеп болуын анықтап отыр. Ғаламтор жалпыға ортақ қол жетімді бола бастағандықтан, кибер қылмыс жер шары бойынша барлық елдерде қарқындап келеді. Уақыт өте келе олардың жарнасы бұрын сонды болмаған қарқынға өсті, соның зардабынан кәсіпорындар мен жеке басты азаматтар құны елеулі қаражатқа шығындалды. Жақында Понемон институты жүргізген зерттеуінде, кибер қылмыстан жоғалтқан орташа ақша сомасына қатысты, жеке дара әр елдердің тізімі жиналды. Зерттеу 2022 жылы тамызда өткен болатын және әр елдегі жетекші компаниялардың кибер қылмыстың шабуылынан орташа есеппен, қаншалықты көп ақша жоғалтқандарын көрсетті. Зерттеу нәтижелері жан түршігерліктей және кибер қылмыстан, жеке деректерді бұзушылықтан қаржы шығындарына қатысты осал тұстарын азайту шаралары кәсіп үшін маңызды екенің байқатты. Басқа елдерге қарағанда Америка Құрама Штаттарының жетекші кәсіпорындары Понемон институты жүргізген зерттеуінен алынған статистика бойынша орташа есеппен кибер

қылмыстан ең көп ақша жоғалтқан. Зерттеу нәтижесі Америка Құрама Штаттарының жетекші кәсіпорындары орташа есеппен кибер қылмыстың шабуылынан \$15.42 миллион АҚШ долларын жоғалтқанын көрсетіп отыр. Арада аз уақыт салып Германияның жетекші кәсіпорындары орташа есеппен кибер қыл-мыстың шабуылынан \$7.5 миллион АҚШ долларын жоғалтқанын байқап отырмыз. Сонымен қатар зерттеу нәтижесі, Жапония, Ұлы-британия және Бразилия сияқты елдердің жетекші кәсіпорындары орташа есеппен кибер қылмыстың шабуылынан тиісінше \$6.81 миллион, \$6.32 миллион және \$3.8 миллион АҚШ долларын жоғалтқанын атап өтті. Бастапқы жетілікті тәмәмдайтың Австралия мен Ресейдің кәсіпорындары шамамен \$3.47 миллион және \$2.37 миллион жоғалтқан екен.

Әлеуметтік желі біздің ортамызға келгеніне 20 жыл ғана болса да, келтірер зияны өте көп. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, әлемде болып жатқан терроризмді үгіттеудің 30 пайызы әлеуметтік желі арқылы жүзеге асырылып отырады.

Әлеуметтік желілерде жасалған қылмыстардың көбісі, азамат-тардың ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіру арқылы жаса-лады.

Әлеуметтік медиа мүмкіндіктері: суреттер, бейнелер, блогтар мен микроблогтар, қауымдастық, чат және т. б. көздері арқылы ақпарат алмасуда қажетті деректерді кеңінен пайдалану; жеке профиль құру және автор туралы ақпарат беру; өмірде Достардың, туыстардың, әріптестердің, сыныптастардың және сыныптастардың, сондай-ақ қызығушылықтары ортақ виртуалды Достардың бірле-стігін құру; блогтар арқылы адамдар қауымдастығын құру және мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттесуді күшейту; кез келген жерде қажетті ақпаратты уақтылы алу және пайдалану [4].

Әлеуметтік желілерге төнетін қауіптер: орналастырылған ақпаратты кез келген азамат өз қалауы бойынша оңай тауып, пайдалана алады; ұсынылған ақпаратты жұмыс берушілер, ата-аналар, -, қылмыскерлер, құқық қорғау органдары кез келген іс-шараларда пайдалана алады; әлеуметтік желілерге тәуелділік; ауызша, жазылмаған заңдарды басшылыққа алады; әлсіз заңнамалық база; виртуалды қарымқатынасқа қатысты сөйлеу кез-келген адамға тез қол жетімділіктің және жеке ізденістің болмауының арқасында ойлау қабілеті төмендейді, дүниетаным төмендейді; компьютерлік тролльдердің тұзағына түсу.

Әлеуметтік желілерді пайдаланатын киберқылмыскерлердің қолдарындағы негізгі инструмент, пайдаланушының тәжірибесіздігі, алаңғасарлығы, абайсыздығы және қарапайым құмарлығын пайдаланатын әлеуметтік инжиниринг амалдары болады. Сондықтан, адами факторды ескеру ақпараттық қауіпсіздікте бастысы болып отыр. Сарапшылардың негізді есептеуі бойынша, осындай шабуылдардың мақсаты жай пайдаланушылардың дербес ақпараттарын ұрлау ғана емес, сонымен қатар, жапа шегушінің әлеуметтік сайттағы беті арқылы тағы үлкен шабуылдарды

іске қосу немесе жапа шегуші компьютерін спамдарды жаппай тарату және DDoS шабуылдарға қатысу үшін ботнетке қосу болып табылады. Барлық аталған жағдайларда шабуылдар артында коммерциялық мүдделер мен қомақты ақшалар тұрады. Киберқыл-мыскерлер үшін олар ықтимал құрбандарды көбірек тартқан сайын және көптеген сан алуан Web сервистер ұсынған сайын әлеуметтік желілер соншалық-ты қызықты және болашағы мол болады [1].

Ақпан айы басталғалы бері интернеттің қазақстандық сегменті тағы да дүрлігіп жатыр. Рас, жұрттың назарын бірден аударып қоймағанмен бұл жолғы мәселе бөлек. Атақты әнші, артист немесе спортшыларға қатысы жоқ, керісінше жасөспірімдердің тағдырына тіке-лей байланысты дүние бұл. Яғни, әлеуметтік желі арқылы суицидті насихаттаушылардың қақпанына біздің жерлестеріміз түсті. Астанада бір жасөспірім өзінің қолын кесіп, бақилық болғысы келетінін ашық айтыпты.

### *Нәтижелер және талқылау*

Жалпы, әлеуметтік желілердің, соның ішінде Вконтакте желісінің жасөспірімдерге кері әсер ететіні жайлы талай айтылған. Діннің радикалды бағыттарына үндейтіндер де, экстремистік насихатты тарататындар да, порнография да, өмірден баз кешуді мұрат тұтып, жұртты да өздерінің қатарына қосып алуға тырысатындар да сол желіде. Ресейлік бұл әлеуметтік желіні бақылаушылар да, қолданушылар да онда «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» екенін аңғарады. Ақыры сол жүгенсіз желінің зардабы бізге де тие бастады. Ондағы суицидке үндейтін топтардың арбауына түсіп қалған жасөспірімдер анықталып жатыр. Қазірдің өзінде «Синий Кит», «Тихий Дом» деп аталатын «ермек» тауып, сондағы үйлесті-рушілердің дегеніне еріп, өздеріне қол салмақ болған жасөспірімдер Алматы мен Астанадан, Семей мен Павлодардан, Петропавл қала-сынан табылды. Бірқатар ақпарат құралдары Теміртауда өзіне қол салған жасөспірімнің ажалына әлеуметтік желілер әсер еткендігін жазуда. Бірақ ол оқиғаның анық-қанығы әзірге нақтыланбады. Құқық қорғаушылар Астанадағы мектеп оқушыларының арасынан әлеуметтік желінің кесірінен өмірден баз кешпек болғандарды анықтапты. Елімізде бір оқушы өз білегін тіліп, тамырын кеспек болған. Тура сол ойындардағы талапты орындапты. Абырой болғанда өлім-жітім жоқ. Дегенмен, соңғы бір аптаның ішінде әлеуметтік желілер арқылы суицидке шақыратын ойындарды ойнағандардың қатары аз емес екендігі анықталып жатыр.

Сөз басында жасөспірімдерді суицидке итермелейтін «ойын-дардың» бірі «Синий кит» деп аталатынын айтылған. Кәдімгі көк кит бұл. Соңғы жарты ғасырда осынау алып жануарлар саны сиреп бара жатыр. Ғалымдар көк киттердің бірқатары өздерін қайраңға атып жіберіп, жағалауда өлетінін анықтаған. Біраз зерттеушілер оған мұхиттардың ластануы себеп десетін.

Қандай себептен болса да көк кит қана емес, бірқатар киттер өздерін қайраңға лақтырып жіберетіні рас. Бір сөзбен айтқанда, суицид жасайды. Интернет желісі арқылы өзгелердің тағдырын тәлкекке салатындардың «бас кейіпкер» ретінде китті таңдауының сыры осында. В контакте желісінде китке қатысты топтар, қауымдастықтар өте көп. Отандық басылымдар олардың басым көпшілігі өлімді насихаттайтынын жазып жатыр. Жабық қауымдастықтар мен топтарға қосылған жасөспірімді түрлі тәсілдермен қызықтырып, арнайы тапсырма беретін ойын ұйымдастыратын көрінеді. Сөйтіп, 50 кезеңнен тұратын ойынның соңында өзіне қол салуы тиіс екен. Ойын шартың орындамаған қатысушының туыстарына қастандық жасалады деп, жасөспірімдерді қорқытып келген. Китке қатысты топтарға қосылған жасөспірімдерді осылай қорқытыпүркітетін көрінеді. Ақыры тығырыққа тірелген бозбала немесе бойжеткен өмірмен қоштасуға ұмтылады. Бірақ өткен жылы журналистік зерттеу жасаған ресейлік «Новая газета» басылымының тілшілері суицидке итермелейтін топтардың өкілдері ойыннан бас тартқан бірде-бір адамның туысына қастандық жасамағанын жазған. ҚР Ішкі істер министрлігі мемлекеттік тіл және ақпарат департаментінің директоры Алмас Сәдубаев масс-медиаға жасаған мәлімдемесінде 2021 жылы жасөспірімдерді өздеріне қол салуға итермелеген 9 дерек тіркелгенін айтты. Бірақ олардың әлеуметтік желілердегі топтармен байланысы нақты анықталмаған. Дегенмен, құқық қорғау органдарының мамандары әлеуметтік желілерде суицидті насихаттайтын топтарды анықтап, бұғаттап жатса керек. Сонымен бірге, білім беру мекемелеріне де арнайы нұсқаулықтар беріле бастапты. Астана мектептеріне қалалық прокуратура әлеуметтік желілердің зардаптары туралы ескерту жасап, мамандарды сақ болуға шақырыпты. Шығыс Қазақстанда да тиісті органдарға тапсырма берілгені белгілі болды. Қысқасы, мемлекет те қарап қалмай, қарсы шараларды ұйымдастырып жатыр.

Өткен жылы Ақтөбеде террорлық акт жасалған кезде ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры Ерлан Қарин Вконтакте әлеуметтік желісін бұғаттау туралы ой айтқан. Себебі, бұл желі бассыз-баусыз кетсе керек. Түрлі бәлежаланың бәрі сол желіде насихатталатын көрінеді. Атап өткен желіде киттің атауын алған топтардан бөлек, «Беги и умри», «Фея» деген қауымдастықтар да бар. Тіпті, ондай жабық топтар мен қауымдастықтардың саны жүздеп саналуы мүмкін. Алайда бұл желіні жапсақ жағымсыз контентті тежей аламыз ба? Елімізде сол желіде тараған сорақы «ойынды» ойнап, өзінің қолын тіліп тастаған балаға қатысты деректерді қаскөйлер қалай алды? Мәселе сонда болып тұр. Ақпараттық технологиялар саласының мамандары бұл жерде мәселе тек әлеуметтік желіде емес екенін айтады. Техникалық тұрғыда қандай да бір адам жайлы ақпаратты бүге-шігесіне дейін білу оңай-оспақ шаруа емес. Тек интернет қолданушылардың салғырт-салақтығының кесірінен түрлі ақпараттар қолды болып кетеді. Қаскөйлер соны да пайдаланып бағады.

Әлеуметтану ғылымында «Вертер синдромы» деген ұғым бар. Мұны алғаш рет америкалық әлеуметтанушы Дэвид Филлипс айтыпты. Мәселенің мәні мынада: масс-медиа арқылы көрсетілген, айтылған, жазылған өз-өзіне қол салу жөніндегі ақпараттардан кейін шынымен де өмірден баз кешпек болатындардың саны өсіп кетеді екен. Яғни, ұласпалы сипатқа ие болады. Қазақтың «жақсылықты асырып, жамандықты жасыруды» өмірлік ұстаным қылуы содан болса керек. Бір сөзбен айтқанда, қандайда бір жаман қылмыс, қатігездік, қылмыс туралы жиі айтылса, соларды жасайтындардың қатары да өсе түседі.

Демек, әлеуметтік желілер арқылы тарап жатқан «ермекті» бірінші кезекте осы «Вертер синдромы» тұрғысынан қарастырған жөн. Иә, алдымен ВКонтакте желісінде өлімге итермелейтін контент бар екенін ресейліктер айтқан. Өткен жылы Ресей масс-медиясы 2021 жылдың қарашасы мен 2022 жылдың сәуірі аралығында Ресейде 130 жасөспірімнің әлеуметтік желілердегі суицидті насихаттайтын топтардың кесірінен өздеріне қол салғанын жазған еді. Бірақ ол кезде бұл ақпарат туралы біздің елде айтылмады. Тек ішінара кейбір мамандар әлеуметтік желілердің қауіпті екендігін алға тартқан. Алдымен Қырғызстанда әлеуметтік желілерде «Синий кит», «Тихий дом» тәрізді ойындарды ойнап, өздеріне қол жұмсамақ болғандардың көбейіп кеткені туралы айтылды. Іле-шала бұл әңгіме Қазақстанда жайылды. Бірқатар телеарналар, ірі сайттар ақпарат таратты, жаңалықтардан көрсетті. Одан соң WhatsApp желісінде түрлі диалогтардың скриншоттары, фотолар тарай бастады. YouTube желісінде де бейнежазбалар толып жүр. Бірін-бірі сақтандырған жұрт. Балалардың тағдырына алаңдаған көпшілік. Құптарлық іс. Алайда әлгі «Вертер синдромы» ретінде қарасақ, әлеуметтік желілерде суицидті насихаттайтын топтардың жарнамасын тұтас ел болып жасап отырған сияқтымыз.

Тұрақты өсіп келе жатқан әлеуметтік желілер әртүрлі алаяқтар мен қаскүнемдерді тартады. Осыған қарамастан, қылмыскерлер пайдаланалатын барлық әдістерді үш түрге бөлуге болады:

Әлеуметтік инжиниринг – посттардағы жалған ақпарат немесе пайдаланушыларды белгілі әрекеттерге ынталандыратын шақырулар.

Тізбекті реакция – пайдаланушының «достары» қабырға-ларына хабарды қайта посттау жолымен зиянды немесе жарна-малық сілтемені тарату. Facebook желісінде «Маған ұнайды» қызметі бар. Аталмыш батырмаға басу пайдаланушының жеке жаңалықтар лентасында қызықты ақпараттың пайда болуына әкеледі мыс. Дәл сондықтан маған ұнайды зиянды немесе жарнамалық сілтемелерді таратушылар өте жиі пайдаланады.

Нүктелі шабуыл – шабуылды бастаушылардың ақырғы мақсаты зомбылық әрекеттерінің фотосуреттерін орналастыру жолымен пайдаланушылар профильдерінің максималды мүмкін санын бұзу болып табылады. Осындай жолмен қысқүнемдер аффилирленген маркетинг үшін есеп жазбаларының базасын қалыптастырады, ол оларға пайда әкеледі.

Әлеуметтік желі – криминалистика құралы ретінде де қарастырылады. Қылмыспен күрес үшін полиграф, ДНК тесті мен дактилоскопия қаншалықты қажет болса, әлеуметтік желі де сондай маңызды. Себебі, мұнда құпия жоқ. Оны көре білмейтіндер ғана бар. Ал, көзі үйренген «қасқырлар» бірнеше минуттың ішінде па-рақша қожайынының психологиялық бейнесін жасап, барлық қажетті мәліметті жинап ала алады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Әлеуметтік желі құқық бұзушылықтарды, әлеуметтік қауіпті деп саналатын қылмыстарды жасау құралы да, олармен күресте көмекші құрал да бола алады.

Біз әлеуметтік медианың қазіргі қоғамда қарқын алып келе жатқан кейбір мәселелердің артында тұрғанын білеміз. Әлеуметтік желі құқық бұзушылықтарды, әлеуметтік қауіпті деп саналатын қылмыстарды жасау құралы да, олармен күресте көмекші құрал да бола алады.

Мақаланы қорытындылай келе, әлеуметтік медианы қоғамға әсер етудің үлкен құралы ретінде сипаттай отырып, біз келесі сұрақтарды ұсынамыз:

1. Қазақстан аумағында жұмыс істейтін әлеуметтік желілерде паспорттық тіркеу жүйесін енгізу. Мысалы, Кореяда кез-келген сайтқа тіркелу үшін Сіз тіркелесіз және жеке куәлігіңізбен кіресіз. Пікір қалдыру үшін сізге жеке куәлік қажет. Ол үшін әлеуметтік желінің әрбір пайдаланушысы әлеуметтік желіге кіріп, тіркеу кезінде ЖСН нөмірін, оның ішінде логин мен парольді тіркеуі тиіс.

2. Егер әлеуметтік желілер төңірегіндегі қоғамдық қаты-настарды құқықтық реттеу мәселесі шешілсе, сондай-ақ осы проблемаларға қатысты қолданыстағы заңнамаға толықтырулар енгізілсе, әлеуметтік желілер арқылы қылмыс пен одан болатын қауіп деңгейін төмендетуге қол жеткізуге болады деп санаймыз.

3. Әлеуметтік желі субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін қоғамға түсіндіру бойынша мемлекеттік деңгейде жұмыс жүргізу.

4. Егер кейбір әлеуметтік желілерге немесе сайттарға (беттерге) тыйым салу мәселесі қарастырылса. Мысалы, егер сіз қы-тай мемлекетін алсаңыз, онда бұл мемлекетте әлеуметтік желілерге ортақ қол жетімділік шектеулі. Осы мемлекеттің үлгісіне сүйене отырып, бірқатар әлеуметтік желілерге, соның ішінде жосықсыз желілерге ресми түрде тыйым салуға немесе әлеуметтік желілерге байланысты мемлекеттік деңгейде іс-шара өткізуге болады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

[1] Әлеуметтік желідегі қылмыс...Ену тәртібі:<http://tengrinews.kz>

[2] Маргарита Дмитриева. Әлеуметтік желілер және қауіп-сіздік. Ену тәртібі:[http://kz-cert.kz/kz/presscenter/publication/? Doc-98](http://kz-cert.kz/kz/presscenter/publication/?Doc-98).

[3] Ұ.Сыдықов. Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік: Мақалалар/.- Алматы : "Қаратау КБ" ЖШС ; "Дәстүр", 2015.-288 б.

[4] Насимов М. О. Қоғам өміріндегі әлеуметтік желілердің рөлі / М. О. Насимов, Б. Ж. Паридинова // Молодой ученый. - 2015. - №7.2. - С. 26-23.

**ОӘК 001.891**

**Қ.Е.Тұрғанбай, М.Ә. Канибекова**

## **ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ**

*(Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты,  
Алматы қ., Қазақстан)*

**Аннотация.** В статье рассматриваются объективные предпосылки и условия развития технологий искусственного интеллекта, вызванные четвертой промышленной революцией. Обсуждается вопрос о введении основных теоретических и практических частей искусственного интеллекта в содержание общего образования.

Были рассмотрены пути исследования использования систем искусственного интеллекта в образовательном процессе обучающихся по школьному курсу старшеклассников, реализованы мероприятия по практическому применению возможностей системы искусственного интеллекта в образовательном процессе, предстояло решить ряд задачи для достижения цели исследования и обоснования гипотезы. Исследования в области искусственного интеллекта осуществляются путем изучения умственных способностей человека и трансляции полученных результатов в область компьютеров, искусственный интеллект получает информацию из различных источников и дисциплин информатики. Целью статьи является использование систем искусственного интеллекта для различных учебных процессов в преподавании кафедры искусственного интеллекта в старших классах, а также упоминается о проведении различных опросов и исследований для рассмотрения способов использования систем искусственного интеллекта в обучении школьников.

**Ключевые слова:** Искусственный интеллект, инженерия, моделирование, информатика, интерфейс.

**Abstract.** The article examines the objective prerequisites and conditions for the development of artificial intelligence technologies caused by the Fourth Industrial Revolution. The question of introducing the main theoretical and practical parts of artificial intelligence into the content of general education is discussed.

The ways of studying the use of artificial intelligence systems in the educational process of high school students were considered, measures were implemented for the practical application of the capabilities of the artificial intelligence system in the educational process, a number of tasks had to be solved to achieve the research goal and substantiate the hypothesis. Research in the field of artificial intelligence is carried out by studying human mental abilities and translating the results into the field of computers, artificial intelligence receives information

*from various sources and disciplines of computer science. The purpose of the article is to use artificial intelligence systems for various educational processes in teaching the Department of Artificial Intelligence in high school, and also mentions conducting various surveys and studies to consider ways to use artificial intelligence systems in teaching schoolchildren.*

**Keywords:** *Artificial intelligence, engineering, modeling, computerscience, interface.*

**Аңдатпа.** *Мақалада төртінші өнеркәсіптік революция тудырған жасанды интеллект технологияларын дамытудың объективті алғышарттары мен жағдайлары қарастырылады. Жалпы білім беру мазмұнына жасанды интеллекттің негізгі теориялық және практикалық бөлімдерін енгізу мәселесі талқыланады.*

*Мектеп курсында оқытылатын жоғары сынып оқушыларын оқу процесінде жасанды интеллект жүйелерін пайдалануды зерттеу жолдары қарастырылып, оқу процесінде жасанды интеллект жүйесінің мүмкіндіктерін іс жүзінде қолдану шаралары іске асырылды, зерттеу мақсатына жету және гипотезаны негіздеу үшін бізге бірқатар міндеттерді шешу қажет болды. ЖИ саласындағы зерттеулер адамның ақыл-ой қабілеттерін зерттеу және алынған нәтижелерді компьютерлер саласына аудару арқылы жүзеге асырыла отырып, жасанды интеллект әртүрлі көздерден және информатика пәнінен ақпаратты алады. Мақаланың мақсаты – жоғары сыныпта жасанды интеллект бөлімін оқытуда әртүрлі оқу үдерістері үшін жасанды интеллект жүйелерін пайдалануға болатындығы арқылы оқушыларды оқытуда жасанды интеллект жүйелерін қолдану жолдарын қарастыруда түрлі сауалнамалар мен зерттеулер жүргізу жайында айтылған.*

**Түйін сөздер:** *Жасанды интеллект, инженерия, модельдеу, информатика, интерфейс.*

## КІРІСПЕ

Жасанды интеллект тұжырымдамасы зерттеудің бірқатар бағыттарын қамтиды: интеллектуалды ақпараттық жүйелерді дамыту, сөйлеуді генерациялау және тану, табиғи тіл интерфейстерін және машиналық аударманы дамыту, үлгіні тану және т.б. Бұл жұмыс олардың барлығын емес, жасанды интеллекттегі заманауи зерттеулердің теориялық негізін құрайтын қалыптасқан іргелі негіз болып табылатындарын қамтиды. Мұндай бөлімдерге компьютерлік өңдеуге бағытталған концептуалды білімді алу, модельдеу және ресімдеу әдістемесі ретінде білім инженериясы, сондай-ақ білім инженериясы негізінде дамитын сараптамалық жүйелердің идеологиясы мен әдістемесі кіреді.

Бұл білім беру үдерісін жанарту тенденциясымен ғана емес, сонымен бірге жаһандық бәсекелестікте жаңа көшбасшылықтың қажетті шарты және дамыған елдерде байқалған 4-ші өнеркәсіптік революция жағдайында табысты құру және дамыту екенін түсінумен байланысты. нейрондық желілерге негізделген интеграцияланған ЖИ бар отандық бағдарламалық платформалардың, желілер мен үлкен деректердің (Big Data) [1].

Жасанды интеллект – адамның танымдық функцияларын имитациялауға (соның ішінде алдын ала анықталған алгоритмсіз өздігінен білім алу және шешімдерді іздеу) және адамның интеллектуалдық қызметінің



нәтижелерімен кем дегенде салыстырылатын нақты тапсырмаларды орындау кезінде нәтиже алуға мүмкіндік беретін технологиялық шешімдердің жиынтығы. Кейінірек бірқатар алгоритмдер мен бағдарламалық жүйелер ЖИ деп атала бастады, олардың айрықша ерекшелігі - олар кейбір мәселелерді шешуі туралы ойлайтын адам сияқты шеше алады.

Жасанды интеллекттің негізгі қасиеттері:

- тілді түсіну;
- оқыту;
- ойлау қабілеті;
- әрекет ету қабілеті.

Жасанды интеллект (ЖИ) инновациялары технология әлемінен алыс аймақтарға әсер етуде. Тіпті консервативті білім беру индустриясы жақын арада жасанды интеллект жүйелерін кеңінен қолданатын болады. Бұл мақалада біз оқытуда ЖИ қолданудың әртүрлі мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Жасанды интеллект бірте-бірте адам қызметінің барлық салаларына еніп, кәдімгі бағдарламалық жүйелерді интеллектуалды етеді. Білім беруде көптеген мектептер информатика оқу бағдарламасына ЖИ бойынша кіріспе сабақтарын қамтиды, ал университеттер үлкен деректер технологияларын кеңінен қолданады. Кейбір бағдарламалар оқушылардың мінез-құлқын бақылайды, тесттер мен эсселерді бағалайды, айтылу қателерін таниды және түзетулер ұсынады.

Сондай-ақ жасанды интеллект бойынша онлайн курстар бар. Мысалы, GeekBrains білім беру порталы орта мектеп (информатика немесе технология) үшін курстардың біріне ЖИ-нің оқушыларға түсінікті және олар үшін ерекше қызығушылық тудыратын – өзекті немесе кейінге қалдырылған кейбір аспектілерін енгізудің орындылығы туралы ұсыныстар әзірлеу. Ол үшін ЖИ саласына қатысты негізгі мазмұндық бағыттарды талдау, олардың ғылыми-оқу шетелдік және отандық әдебиеттердегі көрінісін қарастыру, арнаулы орта мектеп сыныптарына арналған оқулықтардағы ұқсас материалдарды ұсыну қажеттілігі мен мүмкіндігін бағалау ұсынылады [2].

Бұл жүйелердің интеллектуалды құрамдас бөлігі технологияларға негізделген: Big Data, Data Mining, Learning Analytics. Оларды білім беруде қолдану өзінің жағымды жақтарын тудырады:

- оқушылар үшін (материалды таңдау, оқу қарқынын (жүктеме) анықтау үшін виртуалды мұғалімді пайдалану, жеке оқу жолын таңдау, жағдайды виртуалды түрде модельдеу, емтиханға дайындалу);
Функциональная модель обработки изделия «Муфта зубчатая», отображает процесс преобразования начального состояния полуфабриката в его конечное состояние заданным технологическим процессом в общем виде.



## ВЫВОДЫ

В промышленности Республики Казахстан наблюдается тенденция к переходу от крупносерийного производства к среднесерийному и мелкосерийному производству. В этих условиях на передний план выходят опыт и знания профессионалов, способных благодаря многолетнему опыту провести качественную обработку детали без длительного наладочного процесса на станках невысокой точности. Интенсивное развитие современных САПР программ позволяют автоматизировать и повышать качество и производительность многих этапов ЖЦИ изделия.

В ходе данного исследования получена итерационная модель жизненного цикла промышленного изделия «Муфта зубчатая», которая состоит из 7 итераций: сбор информации для технического задания (ТЗ), анализ требований для изделия, конструирование изделия, проектирование изделия (компьютерное моделирование изделия), обработка изделия, ОТК тестирование, сбыт изделия.

При использовании итерационной модели жизненного цикла промышленного изделия «Муфта зубчатая» была сформирована функциональная модель для данного изделия. Из рассмотренной функциональной модели обработки изделия «Муфта зубчатая» можно выделить следующее: на вход поступают информационные потоки, на выходе получаем 3D модель изделия.

Для обработки промышленного изделия «Муфта зубчатая» в виртуальном режиме разработаны математические модели 3-х типов синтеза с характеристиками станочной системы, варьируемыми переменными, ограничениями и целевыми функциями.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Калачев О.Н. Моделирование в CAD/CAM Cimatron механообработки на станке с ЧПУ. Ярославль: ЯРГТУ, 2016. – 45 с.
2. Беднаржевский В.С. Обзор CAD/CAM/CAE-СИСТЕМ в энергомашиностроении. Алтайский государственный технический университет имени И.И. Ползунова.
3. Яблочников Е.И., Фомина Ю.Н., Саломатина А.А. Компьютерные технологии в жизненном цикле изделия / Учебное пособие – СПб: СПбГУ ИТМО, 2015. – 180 с.
4. Кунву Ли. Основы САПР CAD/CAM/CAE.-СПб: Питер, 2014.-560 с.
5. Гольдштейн Г.Я. Инновационный менеджмент. Учебное пособие. Таганрог: Издательство ТРТУ, 2014. – 132 с.
6. ГОСТ 12080-66\* (СТ СЭВ 537-77). Концы валов цилиндрические. Основные размеры, допускаемые крутящие моменты.
7. ГОСТ 12081-72 (СТ СЭВ 537-77). Концы валов конические с

конусностью 1:10. Основные размеры. Допускаемые крутящие моменты.

8. ГОСТ 2991-85. Межгосударственный стандарт. Ящики дощатые неразборные для грузов массой до 500 кг.

9. ГОСТ 24634-81. Межгосударственный стандарт. Ящики деревянные для продукции, поставляемой для экспорта.

10. ГОСТ 12082-82. Межгосударственный стандарт. Обрешетки дощатые для грузов массой до 500 кг.

11. Базров Б.М. Основы технологии машиностроения. Учебник для вузов. 4-е изд. –М.: Машиностроение, 2017. –736 с.

12. Снаксаров А.М. Оптимизация размещения технологического оборудования гибких производственных систем // Станки и инструмент. –1987, № 8. –С.2-4.

13. Кудинов А.В. Обоснование уровня автоматизации при создании станочных систем // Станки и инструмент. –1987, № 7. –С.7-8.

## РАЗДЕЛ № 4. БИЗНЕС И УПРАВЛЕНИЕ

УДК 338

*С.Т. Алмагамбетова, Ш.Т.Алмагамбетова*

### ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУДЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ

*(АТУ, КазАДИ им. Л.Б.Гончарова, г. Алматы)*

*Аннотация.* Целью исследования является обоснование актуальности проблемы утилизации отходов, анализ технологии переработки вторичных отходов в сорбент, методов очистки водных ресурсов от разливов нефти и нефтепродуктов. Современные ученые по всему миру изучают использование природных отходов, то есть скорлупы орехов, коры деревьев и бананов, стеблей пшеницы в качестве сорбентов. Исследование показало, что даже в условиях интенсивной переработки всегда остаются отходы, которые не имеют материальной или рыночной стоимости и в некоторых случаях классифицируются как опасные. Известно, что треть переработанного пластика используется для изготовления ковров, синтетических нитей, волокон для одежды. В соответствии с задачами экспериментальных исследований по изготовлению нефтяных сорбентов из вторичных материалов полимерных отходов можно сделать следующие выводы: вторичные материалы могут быть эффективным сорбционным материалом для сбора нефти и нефтепродуктов с поверхности воды.

*В соответствии с задачами экспериментальных исследований по изготовлению нефтяных сорбентов из вторичных материалов полимерных отходов можно сделать следующие выводы: вторичные материалы могут быть эффективным сорбционным материалом для сбора нефти и нефтепродуктов с поверхности воды.*

*В ходе исследования использовались теоретические, статистические, эмпирические методы наблюдения.*

***Abstract.** The purpose of the study is to substantiate the relevance of the problem of waste disposal, to analyze the technology of recycling secondary waste into sorbent, methods of cleaning water resources from oil spills and petroleum products. Modern scientists around the world are studying the use of natural waste, that is, nut shells, tree bark and bananas, wheat stalks as sorbents. The study showed that even in conditions of intensive processing, there is always waste that has no material or market value and in some cases is classified as hazardous. It is known that a third of recycled plastic is used for the manufacture of carpets, synthetic yarns, fibers for clothing.*

*In accordance with the objectives of experimental research on the production of petroleum sorbents from secondary materials of polymer waste, the following conclusions can be drawn: secondary materials can be an effective sorption material for collecting oil and petroleum products from the water surface.*

*Theoretical, statistical, and empirical methods of observation were used in the course of the study.*

***Кілт сөздер:** пластик, қалдықтар, өңдеу, пиролиз, экология.*

## КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта биосфера ластанудың әртүрлі түрлеріне ұшы-райды, олардың арасында мұнай мен мұнай өнімдерінің ластануы айтарлықтай экологиялық қауіп төндіреді [6, 7]. Су объектілеріндегі апаттардың негізгі себептері магистральдық мұнай құбырларының коррозиясы және құбырларды пайдалануға қойылатын талаптардың бұзылуы болып табылады [6, 7, 17]. Мұнайдың апаттық төгілуінің салдарын жоюдағы ең үлкен қиындық - мұнайдың қалдық қабығын жинау. Егер мұнайдың су бетіне апаттық шығуы уақытылы анық-талмаса, мұнай пленкасы бірнеше шақырымға созылып, су объектісінің флорасы мен фаунасына теріс әсер етуі мүмкін [2, 7].

Жалпы планетарлық деңгейде су сарқылмайтын ресурс-тарға жатады. Өйткені оның жалпы планетадағы мөлшері мұхит, атмосфера және құрылықта үнемі жүріп отыратын су айналымы нәтиже-сінде толықтырылып отырады. Су планета-мыздың 70,8% бөлігін алып жатыр. Бүкіл су қорының 97% Әлемдік мұхиттың үлесіне тиеді. Тұщы сулардың көпшілігі (70%) қар және мұздықтар түрінде. Жер асты сулардың еншісіне тұщы су қорларының 23% тиеді.

Қазіргі таңда тұщы сулардың әртүрлі ластаушылармен: пестицидтермен және химикаттармен, мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануы негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Өнеркәсіпті елдерде су айдындары мен су қоймаларының ластануы күннен-күнге артуда. Мұхиттардың мұнай және мұнай өнімдерімен ластануы бүкіл дүние жүзінде мұнай өнімдерін көптеп қолдануға байланысты болып отыр. Осының әсерінен теңіз шельфтерінде мұнай өндіру, танкерлік флот дамуда. Мұнай өндіру және оны тасымалдау кезінде, құбырларда жиі авариялар болып нәтижесінде мұхит бетінде мұнайлы дақтар жүздеген, мындаған километр жерді ластайды. Су ресурстарына және ондағы тіршілік иелеріне теріс әсер

ететін заттардың бірі, өнеркәсіп орындарынан бөлінетін улы органикалық заттар. Мұндай улы заттар өнеркәсіп орында-рында, транспортта, коммуналдық-тұрмыстық шаруашылықта кеңінен қолданылуда. Ағын сулардағы бұл заттардың мөлшері әдетте 5-15 мг/л-ді құрайды. Ал осы заттардың шекті мөлшері бар болғаны 0,1 мг/л-ді құрайды.

Басқа ластаушылардан: металдарды (сынап, қорғасын, мыс, марганец, қалайы, мырыш, хром), радиоактивті элементтерді, ауыл шаруашылығы егіс алқаптарынан және мал шаруашылығы фермаларынан түсетін улы химикаттарды атауға болады. Металдардың ішінен су қоры үшін ең қауіптісі сынап, қорғасын және олардың қосылыстары.

Қазіргі таңда адам коммуналдық-тұрмыстық қажеттілігі үшін ас суды көп пайдалануда. Қолданатын судың мөлшері аймаққа, өмір сүру деңгейіне байланысты адам басына шақ қанда 3 литрден 700 литрге дейін келеді. Өткен 50-60 жыл ішіндегі суды пайдалану мәліметтеріне сүйене отырып, жыл сайын суды пайдалану артып, табиғат үшін орны толмайтын судың мөлшері 4-5%-ды құрайтыны есептелген. Суды пайдалану және ысырап ету осы қарқынмен жалғаса берсе, халық санының өсуіне және өндіріс орындарының дамуына байланысты 2100 жылға адамзат тұщы судың бүкіл қорын тауысуы мүмкін. Қазіргі кездің өзінде тұщы судың жетіспеуі, су ресурстары жеткілікті жерлердің өзінде де байқала бастады. Тұщы сумен қала халқының 20%, ауыл халқының 50% қанағаттандырылмай отыр.

Полимерлердің ауада сәулеленуі полимерлік тізбектерде конъюгирленген құрылымдардың түзілуіне байланысты полимерлердің бетінде белсенді орталықтарды түзеді, бұл полимерлік мат-рицаға мұнайдың және мұнай өнімдерінің неғұрлым көп енуіне септігін тигізеді. Полимерлік қалдықтардан мұнай сорбенттерін жасау бірден екі экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді - қоршаған ортаның пластикалық қалдықтармен ластануымен күресу және сулы ортаны төгілген мұнайдан тазалау.

Зерттеудің мақсаты - қалдықтарды кәдеге жарату проблемасының өзектілігін негіздеу, қайталама қалдықтарды сорбентке қайта өңдеу технологиясын, су ресурстарын мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуінен тазарту әдістерін талдау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешілді:

- а) полимерлік қалдықтардан мұнай сорбенттерін жасауды зерттеу;
- ә) полимер қалдықтарының екіншілік материалдарынан мұнай сорбенттері ретінде қолданылуын, экономикалық және экологиялық тиімділігін талдау.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу материалдары мен әдістері әдіснамалық негіздермен, мақсаттармен, қойылған практикалық мәселелердің мәнімен анықталды. Осыған байланысты келесі әдістер қолданылды:

- а) теориялық талдау және зерделеу;
- ә) статистикалық;

б) эмпирикалық бақылау.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жыл сайын Қазақстанда 4,5-5 млн.тонна қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі – ҚТҚ) пайда болады. ҚТҚ Астана, Шымкент және Жаңаөзен қалаларындағы зауыттарда, сондай-ақ, негізінен, шағын және орта бизнес кәсіпорындарында сұрыпталады және қайта өңделеді. 2020 жылғы 3 тоқсанда қайта өңделген және кәдеге жаратылған ҚТҚ үлесі 15,8% - ды құрады.

Қазіргі уақытта қайталама шикізатты жинау мен жинақтауды қамтамасыз ету үшін «хабтар» құру, оларды бөлек жинау және сұрыптау бойынша инфрақұрылымы жоқ өңірлерде қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау желілерін орнату бойынша жұмыс жүргізілуде.

Республика бойынша 204 қала мен ауданның ішінен әртүрлі кезеңдерде бөлек жинау 94-ке, ал сұрыптау 80 елді мекенге енгізілді. Бұл ретте, қалдықтарды бөлек жинау және сұрыптау ірі қалаларда да, аудандарда да енгізілуде. Сұрыптау кешендерінде мыңнан астам жұмыс орны ашылды. 2020 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша Қарағанды облысында ҚТҚ бөлек жинау және сұрыптау енгізілген елді мекендердің ең көп саны (15).

2020 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша қалдықтарды қайта өңдеу, сұрыптау бойынша кәсіпорындардың ең көп саны Ақтөбе (28), Қостанай (26), Солтүстік Қазақстан (21), ең аз саны Атырау және Ақмола (6) облыстарында.

Қалдықтарды қайта өңдеу саласында шағын және орта бизнесті дамыту ӨКМ шеңберінде кәсіпорындардың қайталама шикізатты жинау, тасымалдау және қайта өңдеу шығындарын өтеу жүзеге асырылады.

2020 жылдың 3-тоқсанында жиналған және қайта өңделген өнім көлемі:

- автокомпоненттердің қалдықтары 25 909 тоннаны құрады;
- қаптама қалдықтары 16 436 тоннаны құрады.
- 2020 жылдың 3 тоқсанында жиын пункттеріне 10 919 бірлік ВЭТС келіп түсті. 17 855 бірлік ВЭТС қайта өңдеуге жібе-рілді, 16,6 мың тонна қайта өңделді.

- Су ресурстарды ластаушы көздердің сипаттамасы. Ластаған суды тазалау әдістерін зерттеу.

Кесте 1 – Қайта өңделген және кәдеге жаратылған ҚТҚ

	Облыстың, қаланың атауы	Қайта өңделген және кәдеге жаратылған ҚТҚ үлесі			
		2017 жыл, %	2018 жыл, %	2019 жыл, %	2020 жыл, 3 тоқсан, %
1	Ақмола	2,11	2,93	3,02	3

## 1 Кестенің жалғасы

	Облыстың, қаланың атауы	Қайта өңделген және кәдеге жаратылған ҚТҚ үлесі			
		2017 жыл, %	2018 жыл, %	2019 жыл, %	2020 жыл, 3 тоқсан, %
2	Ақтөбе	3,51	11,69	10	11
3	Алматы	24,77	27,55	23,28	15
4	Атырау	44,33	1,69	10,44	11
5	ШҚО	3,17	4,84	3,28	16
6	Жамбыл	3,47	3,11	8,53	9
7	БҚО	2,17	5,28	8,6	8
8	Қарағанды	13,96	16,39	17,42	21
9	Қостанай	0,93	9,65	10,3	9
10	Қызылорда	8,13	7,42	10,78	18
11	Маңғыстау	6,49	1,42	33,8	40
12	Павлодар	0,23	0,12	15	16
13	СҚО	3,59	7,59	10,78	14
14	Түркістан	3,48	7,17	10,05	13
15	Алматы қ.	10,01	5,70	10,95	9
16	Астана қ.	8,33	12,25	15,92	30
17	Шымкент қ.	-	18,28	22,77	26
<b>Орташа</b>		<b>9,05</b>	<b>11,51</b>	<b>14,9</b>	<b>15,8</b>

Дүниежүзілік су қорларының ластануы бүкіл адамзат қауымын аландатып отыр. Бұл мәселе Қазақстанға да тән. Судың ластануы көп түрлі әрі ең соңында су экожүйесін бүлдірумен аяқталады.

Су айдындарының ластануын былайша топтайды:

- химиялық ластану: уытты және су ортасының табиғи құрамын бүлдіретіндер.
- биологиялық ластану: өсімдік, жануар, микро-организмдер және аш бейімді заттар.
- физикалық ластану: жылу-қызу, электр-магнитті өріс, радиоактивті заттар.

Кесте 2 - ҚТҚ өңірлер бойынша бөлек жинау және сұрыптау

Бөлек жинау бойынша Рейтинг	Өңір	ҚТҚ бөлек жинау енгізілген СТ саны*	ТҚҚ сұрыптау енгізілген ТҚ саны*	ҚТҚ қайта өңдеу кәсіпорындарының саны*
	ҚР бойынша жиыны	94	80	218
1	<b>БҚО</b>	13	1	13
2	<b>Қостанай</b>	7	7	26
3	<b>Ақмола облысы</b>	5	1	6
4	<b>Алматы</b>	7	7	14
5	<b>Павлодар</b>	8	4	10
6	<b>Ақтөбе</b>	6	1	28
7	<b>Атырау</b>	3	4	6
8	<b>Жамбыл</b>	5	11	15
9	<b>Қарағанды</b>	15	15	12
10	<b>Түркістан</b>	3	8	14
11	<b>Маңғыстау</b>	6	7	12
12	<b>СҚО</b>	2	0	21
13	<b>ШҚО</b>	4	3	15
14	<b>Астана қ.</b>	1	1	3
15	<b>Шымкент қ.</b>	1	1	5
16	<b>Қызылорда</b>	7	8	12
17	<b>Алматы қ.</b>	1	1	6

\* Әкімдіктердің ақпараты негізінде.

Судың сапасы, ластану деңгейі үнемі бақылауға алынып отырады. Судың құрамындағы химиялық қоспалар, тұздық құрамы, еріген бөлшектер, температура әр түрлі болуы мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ауыз судың 100-ден астам сапалық көрсеткішін ұсынған. Ал Қазақстанда ауыз су сапасы ҚР МемСТ 51232-2003 бойынша 30 міндетті көрсеткішпен анықта-лады. Су бассейнінің ластануының негізгі себептері – тазартыл-маған ағын суларды өзен-көлдерге жіберу. Бұған жол беретіндері:

- өнеркәсіп орындары;
- тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықтар;
- ауыл шаруашылығын химияландыру;
- халық шаруашылығының басқа да салалары.

Кесте 3 - Жиналған және қайта өңделген көлем, тонна

Жиналған және қайта өңделген көлем, тонна	2017	2018	2019	*9 мес. 2020
пайдаланылған шиналар	20 047	27 710	23 020	6 458,54
пайдаланылған майлар	4 198	11 252	15 686	10 097,95
пайдаланылған аккумуляторлар	20 000	20 000	18 611	9 352,89
пайдаланылған антифриздер	2 300	3 400	0	0
шыны қаптама қалдықтары	5 634	22 772	22 377	423,88
пластик қаптама қалдықтары	6 066	8 995	8 826	1 701,33
картон-қағаз қаптама қалдықтары	45 025	31 595	10 707	14 311,02
электр және электрондық жабдықтардың қалдықтары	2 461	4 666	0	0
<i>* контрагенттердің есептік құжаттарын тексеру барысындағы алдын ала деректер</i>				

Ағын суларға құйылатын лас сулар да бірнеше топқа бөлінеді. Оларды қоспалар (ерімейтін, коллоидты, еритіндер), лас сулар (ми-нералдық, органикалық, бактериалдық, биологиялық) деп жіктейді. Лас сулардың ішінде тұрмыстық сарқынды суларда органикалық заттар 58%, минералдық заттар 42 тей болады. Өнеркәсіпте пайдаланылатын сулар мен синтетикалық жуатын заттармен сулардың ластануы өте қауіпті. Бұлар - химиялық ластану көздері. Соның ішінде сулы экожүйелердің пестицид, гербицид және басқа да хи-миялық улы препараттармен ластануы Қазақстанда кең етек алған.

- Өзендердің, көлдердің және су қоймаларының ластану дәрежесі көбінесе судың ластану индексінің (СЛИ) көрсеткіші бойынша бағаланады. Ол судың құрамында мынадай заттардың болуын сипаттайды: оттегі, 5 тәулік ішінде оттегіні биохимиялық пайдалану бойынша анықталған органикалық заттар және ШРК дәрежесінен біршама артып кеткен заттар.

- Ластану индексі осылайша әртүрлі су бөгендерінің су сапасының жағдайын сипаттайды. Ол су бөгендерінің ластану динамикасын анықтауға, біріңғай көрсеткіштер бойынша әртүрлі су объектілерінің ластану дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. СЛИ көлемі бойынша жер беті сулары сапасының критерийлері су сапасының класын сипаттайды: өте тазадан бастап өте ластанғанға дейін. Жер беті суларының сапа класын анықтау үшін СЛИ көлемі көрсеткіші басты белгі болып табылады, ол су бөгендерін ластайтын заттардың ШРК дәрежесі бойынша есептеледі.

- Ауыз судың сапасын бақылау үшін зиянды заттардың шектеулі - рұқсат етілген мөлшері бекітілген, 1 литр суда зиянды заттар мына мөлшерден (мг/л) көп болмауы керек.



Ереже бойынша шектеулі рұқсат етілген мөлшері қойыл-маған зиянды заттары бар қалдық суларды өзенге, көлге, су қоймаларына жіберуге тыйым салынған.

Кесте 4 – Зиянды заттардың шектеулі - рұқсат етілген мөлшері (мг/л)

<b>Сынап</b>	<b>0,005</b>	<b>Қорғасын</b>	<b>0,1</b>
<b>Кадмий</b>	<b>0,01</b>	<b>Гексахлоран</b>	<b>0,02</b>
<b>Кольбат</b>	<b>1,0</b>	<b>Изопрен</b>	<b>0,05</b>
<b>Метанол</b>	<b>3,0</b>	<b>Карбофакс</b>	<b>0,1</b>
<b>Молибден</b>	<b>0,5</b>	<b>Керосин</b>	<b>0,1</b>
<b>Мышьяк</b>	<b>0,5</b>	<b>Мұнай</b>	<b>0,1</b>

Суды қорғау - адамзаттың жер бетіндегі табиғи су қорларының жай-күйін жақсартуға, қалпына келтіруге және оларды сақтауға бағытталған әрекеті. Адамдардың кәсіптік әрекетінің және тұрмысқа пайдаланылуының тікелей немесе жанама әсерінен судың құрамының және қасиеттерінің өзгеріске ұшырауын, яғни су көзінің бір бөлігінің немесе түгелімен пайдаланудың кез келген бір түріне жарамсыз болып калуын судың ластануы деп атайды. Әдетте, су көзіне оның сапасын өзгеріске ұшыратпайтын, суда ерімейтін бөгде заттардың (ағаш жаңқалары, күл-қоқыс, металл сынықтары, құрылыс қалдықтары және басқа заттар) түсіп жиналуын қоқыстану дейді [1].

Ағынды су деп бұрын өндірісте, тұрмыста немесе ауыл шаруашылығында пайдаланылған, сондай-ақ қандай да бір лас аймақ, оның ішінде елді мекен (өнеркәсіптік, ауылшаруашылықтық, коммуналдық-тұрмыстық, нөсер, тағы басқа ағындылар) арқылы өткен су. Ағынды су гетерогенді күрделі жүйе болып саналады, оның құрамында болатын органикалық және минералды қоспалар ерімейтін, коллоидты және еритін түрде кездеседі.

Құрамы мен пайда болған түріне байланысты ағынды сулар үш негізгі категорияға бөлінеді: Ағынды суларды тазалау әдістері. Табиғатты, қоршаған ортаны ластанудан қорғау мен табиғи ресурс ретінде тиімді пайдалану мақсатында қайтарылып қолдану үшін ағынды су құрамындағы ластағыш заттардың түрі мен мөлшеріне қарай әртүрлі әдіспен тазаланылады. Өнеркәсіп ақаба суларын тазалайтын әдістердің топтастырылуы.

Лас суды тазартуға төмендегідей әдістер қолданылады: механикалық, химиялық, физико-химиялық және биологиялық әдістер.

**Механикалық әдіс.** Механикалық әдістер - ерімеген қалдықтары бар суларды әртүрлі торлардан, сүзгілерден, электрден өткізіп, бір жерге жинап,

тұндыру арқылы тазалайды. Бұл әдіс суды ірі дисперсті заттардан тазартудың оңай жолы және тазарту үлгісінің 1-ші сатысы болып табылады.

Механикалық әдіс, лас судың құрамындағы күрделі минералды заттарды, ерітілмейтін қоспаларды ұстау үшін қолданылады. Жалпы механикалық әдіс сирек қолданылады. Өндірістік лас суды тазартуда жеке қолданылуы мүмкін, ал көбінесе басқа әдістердің алдында қолданылады. Механикалық әдістерге төмендегідей қондырғылар мен ғимараттар жатады: қабылдау камерасы, кереге, құмұстағыштар, тұндырғыштар.

Су тұндырудың жұмыс істеу қабілетін көтеру үшін төмендегідей әдістер және қондырғылар қолданылады. Олар лас суды жай аэрациялау, биокоагуляторлар, табиғи аэрациялау бар мөлдіреткіштер, мөлдіреткіш-шіріткіштер, екі қабатты тұндырғыштар, флотаторлар, мұнай ұстағыштар, май ұстағыштар. Тұндырғыштардың тұндыру эффектісі 60%, органикалық заттарды ұстау эффектісі 10-15%-тен аспайды [2].

Ағын суларды тазалаудың механикалық әдісінде ластаушыларды айыру үшін гравитациялық және ортадантепкіш күштер қолданылады. Механикалық әдісте ағынды судағы ірі және ұсақ түйірлі тез тұнатын бөлшектерді өздігімен тұндырып немесе оларды және қалқып шығатын заттектерді тұндырғыш сүзгіш, құмұстағыш арқылы өткізіп, немесе әртүрлі конструкциялық техника құралдарын (торларды, електерді, гидроциклондарды және т.б.) қолданып, ал беттік ластағыштарды - мұнайұстағыш, май мен смола аулағыш жабдықтар мен материалдарды пайдалану арқылы жояды.

Сорбенттер әр түрлі және сұйық немесе газ тәрізді заттарды өз бойына сіңіріп алады. Қазіргі кезде суға төгілген мұнай мен мұнай өнімдерін тазарту маңызды мәселе. Суды тазартатын жеңіл және арзан өнімді шығарудың маңызы зор. Қазақстан мұнай өндіретін негізгі елдердің бірі. Қара алтынды өндіру, тасымалдау барысында қоршаған ортаға біршама залал келеді. Кейде мұнай көп көлемде суға, жерге төгіледі. Мұндайда қоршаған ортаны сорбентпен тазартудың мәні зор.

Қоршаған ортаға жайылған мұнайды жоюдың бірнеше тәсілі бар. Кәсіби мамандар оны термиялық, механикалық, биологиялық, физика-химиялық әдіс деп бірнеше түрге бөледі. Негізгі бағыттардың бірі физика-химиялық, оның ішінде адсорбция деп аталады.

Сорбент күріш қауызынан, яғни, ауылшаруашылығы дақылының қалдығынан жасалынады. Әдетте мұнайға арналған сорбенттерді дайындауда ғалымдар өнімді әзірлейтін шикізат қорының мол, арзан болуына және мұнайды бойына сіңіретін қасиетінің жоғары болуына айрықша мән береді.

Ал күріш қауызының осындай қасиеті бар екенін ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізгенде білдік. Қажетті сорбент алу үшін күріш қауызын зертханалық жағдайда термиялық және химиялық өңдеуден өткізіп алу қажет. Осыдан кейін күріш қауызы көміртектенген сорбентке айналады [8].

Су бетінде қалқыған мұнайға зертханалық жолмен алынған сорбентті сеуіп, суды мұнайдан тазартуға болады. Күріш қауызынан жасалған сорбентті сынақтан өткізгенде 1 грамм сорбент 15-18 грамм мұнайды бойына сіңіріп, суды жақсы тазартатынына көз жеткіздік. Осылайша сорбентіміз өзінің тиімділігін көрсетті. Ал шикізатты өңдемеген жағдайда, яғни, таза күріш қауызының 1 граммы су бетіндегі мұнайдың 1-2 грамын ғана бойына сіңіретінін байқадық. Күріш қауызы шемішкенің сыртқы қабығы сияқты қатты. Ал оны термиялық өңдеуден өткізгеннен кейін шикізат кристалдық фазадан аморфты фазаға ауысып, сорбциялық қасиеті жоғары сорбентке айналады. Оның сорбциялық қасиетінің жоғарылауы күріш қауызында күрделі өңдеуден кейін көп мөлшерде макро-кеуектердің пайда болуымен түсіндіруге болады.

Осы макрокеуектердің көмегімен суға төгілген мұнайды бойы-на сіңіріп, ластанған суларды тазартатын мүмкіндікке ие болады.

Қазіргі таңда Қазақстанда суға төгілген мұнай мен мұнай өнімдерін тазарту маңызды мәселе екені белгілі. Суды тазартатын жеңіл және арзан өнімді шығарудың маңызы зор екенін түсінеміз.

Қазақстан мұнай өндіретін негізгі елдердің бірі болғандықтан қара алтынды өндіру, тасымалдау барысында қоршаған ортаға біршама залал келетіні жасырын емес. Кейде мұнай суға, жерге төгіліп, экологиялық мәселелер асқынып жатады.

Отандық сорбент суға батпайды. Өйткені күріш қауызы өте жеңіл. Олардан қара алтынды бөліп алу маңызды мәселе. Осы тұрғыдан алғанда жоба біршама жетілдіруді қажетсінеді. Күріш қауызынан жасалған сорбентті механикалық жолмен сығып, бойын-дағы мұнайды айырып алуға болады. Бірақ мұндайда сорбентті бірнеше рет пайдалану қасиеті төмендейді. Әдетте сорбентті бір рет емес, бірнеше рет пайдаланады. Күріш қауызынан жасалған сор-бентті үш-төрт рет пайдаланудың мүмкіндігі қарастырлыып жатыр [9]. Мұндай сорбентті өндірістік деңгейде өндіру мүмкіндігіне жол ашылуы мүмкін. Қазіргі таңда суға төгілген мұнайды жинап алуда синтетикалық сорбенттер қолданылады. Оларды сығып, бойын-дағы мұнайды бөліп алғаннан кейін синтетикалық сорбенттер бірден өз қалпына келеді екен. Бірақ мұндай сорбенттер өте қымбат.

Заманауи әлем ғалымдары мұнаймен ластанған суды табиғи қалдықтармен, яғни, жаңғақ қабығы, ағаш пен банан қабығы, бидай сабағынан дайындаған. Орыс ғалымдарының графиттен жасаған сорбенттері көп мөлшерде мұнайды сіңіретін қасиетімен ерекше-ленеді.

Графиттен жасалған 1 грамм сорбент 40 грамм мұнайды бойына сіңіріп, мұнай компанияларының қызығушылық танытқан. Графиттен дайындалатын сорбенттің кемшін тұсы бар екен. Біріншіден, ол жеңіл, ластанған аймаққа тікұшақпен шашқанда желдің әсерінен айдалаға шашылып кетеді. Екіншіден, бағасы қымбат.

Қызылордадағы өсетін күріштің қауызын бәрін жинап, сорбент жасалса, мұндай инновациялық өніммен өзіміздің мұнай компа-нияларын да қамтамасыз етіп, қалғанын сырт елдерге экспорттап, мол пайдаға кенелуге болады.

Термопласт талшықты материалдарға қайта өңдеу бойынша зерттеулерде келесі шикізат қолданылды: тауарлық полипропилен, ұнтақталған шприцтер, полиэтилен, полистиролдан жасалған заттар, ПЭТ бөтелкелер. Экспериментті жүргізген кезде термопласттардың майдаланған қалдықтары экструдерге салынды және 150-3000С дейін қыздырылып балқытылды (бастапқы шикізаттың балқу температурасына байланысты) және экструдердің шнекімен талшықты қалыптастыру үшін қажетті полимердің балқымасының тұтқырлығын қамтамасыз ететін температураға дейін қыздыру үшін қыздырғышы бар айналмалы реакторға берілді.

Полипропилен қалдықтарынан алынған талшықты материал-дардың минералдық және органикалық қышқылдар, сілтілер әсеріне төзімділігі жоғары және олардың жоғарғы жұмыс температурасы 90-1000С.

Полиэтилентеререфтالات қалдықтарынан алынған полиэфирлі талшықтар қышқылдардың, органикалық еріткіштердің, тотықтырғыштық және тотықсыздандырғыштық реагенттердің әсеріне төзімді, бірақ олар сілтілердің әсеріне төзімсіз, олардың жоғарғы жұмыс температурасы 1400С.

Полимерлердің ауада сәулеленуі полимерлік тізбектерде конъюгирленген құрылымдардың түзілуіне байланысты полимер-лердің бетінде белсенді орталықтарды түзеді, бұл полимерлік матрицаға мұнайдың және мұнай өнімдерінің неғұрлым көп енуіне септігін тигізеді. Полимерлік қалдықтардан мұнай сорбенттерін жасау бірден екі экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді - қоршаған ортаның пластикалық қалдықтармен ластануымен күресу және сулы ортаны төгілген мұнайдан тазалау.

Қазіргі уақытта биосфера ластанудың әртүрлі түрлеріне ұшырайды, олардың арасында мұнай мен мұнай өнімдерінің ластануы айтарлықтай экологиялық қауіп төндіреді [6,7,14,17]. Су объектілеріндегі апаттардың негізгі себептері магистральдық мұнай құбырларының коррозиясы және құбырларды пайдалануға қойылатын талаптардың бұзылуы болып табылады [6,7,17].

Полимер қалдықтарын қайта өңдеу кезінде алуға болатын синтетикалық сорбенттерге (пенопласт, полипропилен) ерекше назар аудардық. Олардың негізінде біз су бетінен мұнай қабығын тез жинап қана қоймай, сорбциялық материалды су бетінен оның қайталама ластануынсыз тез көтеруге және регенерациядан кейін қабықты алу үшін қайта пайдалануға мүмкіндік беретін төсеніштер шығаруды көздеп отырмыз [4,5,15]. Синтетикалық мұнай сорбенттеріне мыналар жатады: полиуретан, полиэтилен, полипропилен, формальдегид көбігі және т.б., олардың басты артықшылығы - олар су объектісінің бетінен мұнай және мұнай өнімдерінің қалдық пленкасын толығымен жинап, сонымен бірге судың ең аз мөлшерін

ала алады. Сонымен қатар, олар жеткілікті, жеңіл және өңдеуге оңай. Синтетикалық мұнай сорбенттерінің кемшіліктері мынада: мұнай және мұнай өнімдері жиналғаннан кейін олар өте ауыр болуы мүмкін, бұл оларды құрастыру мен тасымалдауда қиындықтар туғызады, сонымен қатар оларды одан әрі жою қиынға соғады.

Су бетінен мұнай және мұнай өнімдерін жинау кезінде қолда-нылатын сорбенттердің сапасын анықтау үшін 3 негізгі көрсеткіш қолданылады: мұнай сіңіру, суды сіңіру, көтергіштік [15].

Мұнай сорбенттерінің тиімділігі ең алдымен мұнай сыйымдылығының мәні бойынша бағаланады.

1-кестеден 3 негізгі көрсеткіш бойынша ең тиімді – синтети-калық мұнай сорбенттері, атап айтқанда, талшықты құрылымы бар, әдетте олардың құрылымы кеңістіктік бағдарланбаған, бұл мұнай және мұнай өнімдерін уақыт бірлігінде үлкен бетпен жанасуға мүмкіндік береді.

Кесте 5 - Мұнай сорбциялық материалдардың қасиеттері [1, 16]

Сорбциялық материал	Мұнайды сіңіру, у/у	Суды сіңіру, г/г	Мұнайдың сығылу дәрежесі, %
<b>Табиғи органикалық материалдар</b>			
Бидай сабаны	4,1	4,2	36
Көктерек қабығы	0,5	0,8	25
Ағаш үгінділері	1,7	4,3	10-20
Мақта өндірісінің қалдықтары	8,3	0,26	60
Шымтезек	17,7	24,3	74
Макро кеуекті техникалық көміртек	4,0-4,5	0-1,0	10-81
<b>Бейорганикалық материалдар</b>			
Көбіктелген никель	2,9	3,0	0
Шыны талшық	5,4	1,7	60
Модификацияланған Графит	40,0-60,0	0,5-10,0	10-65
Модификацияланған базальт талшығы	37	0,5	27
<b>Синтетикалық сорбенттер</b>			
Пенополистирол талшығы	7,0-12,0	6,0-11,5	80-90
Полипропилен талшығы	12-40	1-6	40-80
Резеңке үгіндісі	5,1	0,3	0
Фенолформальдегидті шайыр (ұнтақ)	4,4	14,5	0
Поролон: жапырақты	14,5-35,2	1,3-25,9	75-85
Синтепон	46,3	42-52	94

Қазіргі уақытта полимерлі материалдардың қалдықтары әртүрлі өнімдерді өндіруде, соның ішінде ағынды суларды және су объектісінің бетін

мұнайдан және мұнай өнімдерінен тазарту үшін синтетикалық сорбенттер жасауда көбірек қолданылуда [4,13]. Тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтардан мұнай сорбенттерін дайындау бір мезгілде пайда болған қалдықтарды кәдеге жарату және суды мұнай ластануынан тазарту мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай шикізаттың қол жетімділігі мен арзандығы синтетикалық мұнай сорбенттерінің құнын едәуір төмендетуге және экологиялық мәселелерді шешу үшін оларды қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.


Бірқатар жұмыстарда полимер қалдықтарынан жаңа тиімді сорбенттер алынды [8]. Кеңейтілген перлит қосылған стирофам қалдықтарынан ұнтақ сорбент алынды. Ұнтақ бөлшектерінің мөлшері 100 мкм-ден аз.

Мұндай сорбенттің сорбциялық сыйымдылығы 5-6 г/г мұнай мұнай өнімдерін құрайды. Авторлар [12] табиғи минералды (перлит, трепел, диатомит немесе олардың қоспасы) ұнтақ түрінде гидрофобты термопластикалық полимермен (полиэтилен, полистирол, поливинилхлорид қалдықтары) ұнтақталған түрде араластыру арқылы алынған сорбциялық кеуекті материал жасады. Осы сорбентпен суды мұнайдан және мұнай өнімдерінен тазарту тиімділігі 99,6-99,8% құрайды.

Сорбенттерді өндіруде полимер қалдықтары көбінесе байланыстырғыш немесе гидрофобизатор ретінде қолданылады. Құрамында табиғи толтырғыш (мүк, шымтезек) бар және полимерлі байланыстырғыш ретінде ультражоғары молекулалы полиэтилен бар суды мұнайдан және мұнай өнімдерінен тазартатын сорбент белгілі. Мұндай сорбенттің мұнайдан және мұнай өнімдерінен тазарту дәрежесі 99,0% құрайды. Сорбция процесі аяқталғаннан кейін материал механикалық түрде жиналады және жану арқылы жойылады [10]. Сондай-ақ белгілі сорбент, бұлжалшықты, целлюлоза материалы, тотыққан атактикалық полипропиленмен өңделген тоқыма өндірісінің қалдықтарына негізделген (массалық үлесі 93-97%). Бұл сорбциялық материалдың мұнай сыйымдылығы 27 г/Г дейін жетеді. Оның артықшылықтарының бірі - ол регенерация циклдерінің едәуір санына төтеп бере алады [9].

Автор [11] белсенді көмірлер алу үшін поликарбонат пен полипропиленнен жасалған автомобильдердің полимерлі бөлшектерін термиялық өңдеу бойынша зерттеу нәтижелері келтірілген. Алынған сорбенттің сорбциялық сипаттамалары суды тазарту тәжірибесінде қолданылатын белсенді көмірдің сорбциялық сипаттамаларына ұқсас болды.

Осылайша, полимер қалдықтарының екіншілік материал-дарынан мұнай сорбенттерін жасау бойынша жүргізілген экспери-менттік зерттеулердің нәтижесінде қойылған міндеттерге сәйкес келесі тұжырымдар жасауға болады:



Сурет 1- Сорбент үлгілерінің мұнайды сіңіру

1. Қайталама материалдар су объектісінің бетінен мұнай және мұнай өнімдерін жинауға арналған тиімді сорбциялық материал бола алады.

2. Тәжірибелер көрсеткендей, ең жақсы сорбциялық қасиеттерге ұсақ фракциялы резеңке үгінділерге ие. Ол толығымен гидрофобты, өте жақсы қалқымалылыққа ие және қысқа уақыт ішінде 100% мұнай сіңіреді (1-2 сек.).

3. ПЭТ бөтелкелерінен жасалған полимерлі талшық су бетінде қалмайды және түбіне қарай жүреді, бірақ резеңке үгіндісі бар композицияда ол мұнайды сіңірудің жоғары деңгейімен ерекшеленеді және жаңа сапаға ие болады – қалқымалылық.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда Қазақстанда суға төгілген мұнай мен мұнай өнімдерін тазарту маңызды мәселе екені белгілі. Суды тазартатын жеңіл және арзан өнімді шығарудың маңызы зор.

Қазақстан мұнай өндіретін негізгі елдердің бірі болғандықтан қара алтынды өндіру, тасымалдау барысында қоршаған ортаға бір-шама залал келетіні жасырын емес. Кейде мұнай суға, жерге төгіліп, экологиялық мәселелер асқынып жатады. Отандық сорбент суға батпайды. Өйткені күріш қауызы өте жеңіл. Олардан қара алтынды бөліп алу маңызды мәселе. Осы тұрғыдан алғанда жоба біршама жетілдіруді қажетсінеді. Күріш қауызынан жасалған сорбентті механикалық жолмен сығып, бойындағы мұнайды айырып алуға болады. Бірақ мұндайда сорбентті бірнеше рет пайдалану қасиеті төмендейді. Әдетте сорбентті бір рет емес, бірнеше рет пайдаланады. Күріш қауызынан жасалған сорбентті үш-төрт рет пайдаланудың мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Мұндай сорбентті өндірістік деңгейде өндіру мүмкіндігіне жол ашылуы мүмкін. Қазіргі таңда суға төгілген мұнайды жинап алуда синтетикалық сорбенттер қолданылады. Оларды сығып, бойындағы мұнайды бөліп алғаннан кейін синтетикалық сорбенттер бірден өз қалпына келеді екен. Бірақ мұндай сорбенттер өте қымбат.

Қазір әлем ғалымдары мұнаймен ластанған суды табиғи қалдықтармен, яғни, жаңғақ қабығы, ағаш пен банан қабығы, бидай сабағынан дайындаған. Орыс ғалымдарының графиттен жасаған сорбенттері бойына көп мөлшерде мұнайды сіңіретін қасиетімен ерекшеленеді.

Графиттен жасалған 1 грамм сорбент 40 грамм мұнайды бойына сіңіріп, мұнай компанияларының қызығушылық танытқан. Графиттен дайындалатын сорбенттің кемшін тұсы бар екен. Ол жеңіл, ластанған аймаққа тікұшақпен шашқанда желдің әсерінен айдалаға шашылып кетеді. Қызылордадағы өсетін күріштің қауы-зын бәрін жинап, сорбент жасалса, мұндай инновациялық өніммен өзіміздің мұнай компанияларын да қамтамасыз етіп, қалғанын сырт елдерге экспорттап, мол пайдаға кенелуге болады.\

Полимерлік қалдықтардан мұнай сорбенттерін жасау бірден екі экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді - қоршаған ортаның пластикалық қалдықтармен ластануымен күресу және сулы ортаны төгілген мұнайдан тазалау. Полимер қалдықтарының екіншілік материалдарынан мұнай сорбенттерін жасау бойынша жүргізілген эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде қойылған міндеттерге сәйкес келесі тұжырымдар жасауға болады: қайталама материалдар су объектісінің бетінен мұнай және мұнай өнімдерін жинауға арналған тиімді сорбциялық материал бола алады; ең жақсы сорбциялық қасиеттерге ұсақ фракциялы резеңке үгінділерге ие. Ол толығымен гидрофобты, өте жақсы қалқымалылыққа ие және қысқа уақыт ішінде 100% мұнай сіңіреді; ПЭТ бөтелкелерінен жасалған полимерлі талшық су бетінде қалмайды және түбіне қарай жүреді, бірақ резеңке үгіндісі бар композицияда ол мұнайды сіңірудің жоғары деңгейімен ерекшеленеді және жаңа сапаға ие болады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМ

[1] Очистка сточных вод от нефтепродуктов с помощью природных сорбентов / Е.А. Баннова, Е.П. Залозная, Н.К. Китаева, С.М. Мерков, М.В. Мучкина, А.Ю. Чабань, А.В. Алексеев // Вода: химия и экология. – 2012. – Т. 53. – № 11. – С. 73–78.

[2] Дацко Т.Я., Зеленцов В.И., Дворникова Е.Е. Физикохимические и адсорбционноструктурные свойства диатомита, модифицированного соединениями алюминия // Электронная обработка материалов. – 2011. –Т. 47. – № 6. – С. 59–68.

[3] Собгайда Н.А., Ольшанская Л.Н. Сорбенты для очистки вод от нефтепродуктов. 2010. С. 70-88

[4] Хлестский Р.Н., Самойлов Н.А., Шеметов А.В. Ликвидация разливов нефти при помощи синтетических органических сорбентов // Нефтяное хоз-во. 1999. № 2. С. 46-49

[5] Чупров В.А., Кошовская В.С. Разливы нефти в Российской Федерации: причины и пути решения проблемы // Гринпис России, 2018 (ред. от 11.05.2018)

[6] Дурягина Е.Г. Нефтепродукты в морской среде // Экология. 2011. № 17. С. 122

[7] Патент 2252071 РФ. Способ получения мелкодисперсного сорбента нефти и нефтепродуктов из высокомолекулярных отходов производства / Д.Л. Сиганов, К.В. Почивалов, Л.Н. Мизеровский; заявл. 28.07.2003; опубл. 20.05.2005



[8] Супрун Л.В., Романенко С.В., Цыганкова Т.С. Стратегия обращения с полиэтиленфталат-отходами в городе Томске // Вестник науки Сибири. 2014. № 1 (11). С. 66-70.

[9] Васильев А.В. Комплексный экологический мониторинг как фактор обеспечения экологической безопасности // Академический журнал Западной Сибири. 2014. Т. 10. № 2. С. 23.

[10] Артемов А.В., Пинкин А.В. Сорбционные технологии очистки воды от нефтяных загрязнений // Вода: Химия и экология. 2008. №1. С. 19-25

[11] Климов Е.С., Бузаева М.В. Природные сорбенты и комплексоны в очистке сточных вод. Ульяновск: УлГТУ, 2011. С. 201

[12] Патин С.А. Нефтяные разливы и их воздействие на морскую среду и биоресурсы. М.: Изд-во ВНИРО, 2008. С. 508

[13] Калюкова Е.Н., Иванская Н.Н. Исследование адсорбционных свойств некоторых природных сорбентов по отношению к катионам железа (III) // Вестник Башкирского университета. – 2011. – Т. 16. – № 1. – С. 25–28.

[14] Костин А.В., Мостальгина Л.В., Бухтояров О.И. Изучение механизма сорбции ионов меди и свинца на бентонитовой глине // Сорбционные и хроматографические процессы. – 2012. – Т. 12. – Вып. 6. – С. 945–957.

[15] Т.Н. Жұмағалиев, Б.М. Куандықов. Мұнай және газ геологиясы терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. — А.: АРНGroup, 2000. — 328 бет.

[16] Кудайбергенов К.К., Мусакулова М.К., Онгарбаев Е.К., Мансуров З.А. Сорбенты из отходов сельского хозяйства для утилизации нефти при аварийных разливах на водной акватории // Вестник КазНУ, серия химическая, 2011.- №1(61).- С. 141-147

[17] Кудайбергенов К.К., Мусакулова М.К., Онгарбаев Е.К., Мансуров З.А. Карбонизированные сорбенты на основе рисовой шелухи для очистки вод от нефтяных загрязнений // Материалы восьмого международного научного Надировского чтения «Научно-технологическое развитие нефтегазового комплекса»-Алматы, 2010.- С. 531-536

**УДК: 33.2964**

**Қ.М. Жұмақсанова, А.Б.Омарова**

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА ҚҰРУ ЖӘНЕ ӘР ТҮРЛІ СЕКТОРДЫ ДАМУ**

*(Гончаров Л.Б. ат. КазЖИ, Алматы, Қазақстан)*

**Аннотация.** События последних лет показали, что коренная трансформация экономики на основе рыночных отношений сопровождается масштабными экономическими потрясениями и кризисами и требует больших усилий со стороны общества. В переходный период осуществление различных успешных, недостаточно обоснованных мер неизбежно приведет к опасным негативным последствиям, что наглядно доказывает опыт стран, вставших на путь рыночного развития.

**Ключевые слова:** монография, сложный крупный комплекс народного хозяйства, транспортная сеть, инфраструктура, нормативные правовые акты, экономика, добыча углеводородного сырья.

**Abstract.** The events of recent years have shown that a radical transformation of the economy based on market relations is accompanied by large-scale economic upheavals and crises and requires great efforts on the part of society. During the transitional period, the

*implementation of various hasty, insufficiently substantiated measures will inevitably lead to dangerous negative consequences, which is clearly demonstrated by the experience of countries that have embarked on the path of market development.*

**Keywords:** *monograph, complex large complex of the national economy, transport network, infrastructure, regulatory legal acts, economy, hydrocarbon production.*

## КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда Қазақстан күрделі экономикалық және саяси міндеттерді табысты шешуде басқа елдерге үлгі болатын деңгейге көтерілді. Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдердің көшбасшылығына ұмтылуы заңды құбылыс. Өйткені, еліміздің экономикалық әлеуеті мен қоғамдағы саяси тұрақтылық, демократияның дамуы оған мүмкіндік беріп отыр. ХХІ ғасыр білімнің, ақпараттың жаңа технологияның өрістеу ғасыры. Білімнің, ғылымның бәсекеге қабілеттілігі бұл күнде көптеген мемлекеттер үшін көкейкесті мәселе болып отыр. Озық ғылыми-техникалық инфрақұрылымсыз және кәсіби шеберлігі жоғары білімді кадрларсыз, жаһандану талапта-рына сәйкес даму мүмкін емес. Осы мақсатта отандық ғылым мен білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім мен ғылымды халықаралық деңгейге көтеру.

Экономикамыздың жаңа даму кезеңіне өту процесі халық шаруашылығының нақты секторын, әсіресе, ең басты саласы болып табылатын индустрияны қайта құру мен дамытуда маңызды да сапалы өзгерістер енгізумен басталды. Аталмыш кезеңде индустриялық өнімдер өндірісінің артуы осы сала құрылымындағы жағымды өзгерістермен байланысты болды. Дәлірек айтсақ, мұнай, газ, қара және түсті металлургия мен азық-түлік және текстиль индустриясы өнімдерін өндіру және өңдеуге қатысты салалардың салмақ үлесі айтарлықтай мөлшерде артты [1].

Индустриалды-инновациялық даму – Қазақстанды қазіргі дағдарыстың дауылынан мейлінше аз шығынмен алып шығатын жол. Біз жаңа технологияларды игеріп, инновациялық өсуді қолдаған жағдайда ғана дағдарыстың зардаптарынан тезірек құтыламыз. Индустриялық өндірістің тұрақты өсу тенденцияларын нығайту және оның құрылымдық өзгерістерін жақсарту үшін отандық индустрияны дамыту мәселелерін кешенді түрде шешу бағдарын қарастыратын, алдымыздағы 2025 жылға дейінгі мерзімге арналған жаңа мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясатты ұстанып, жүзеге асыру қажет. Өйткені, мұндай әрекет индустрия саясатына кешендік сипатты бере отырып, осы саланың даму деңгейі мен қазіргі жағдайын қалыптастыру мақсатын көздеген саясаттарды орындау барысында қателіктер мен кемшіліктердің пайда болуын тежеуге мүмкіндік береді.

Халықтың әлауқатының көтерілуі мен ұлттық экономиканың тиімділігі көп жағдайда инновациялық үрдістердің даму сатысымен айқындалады. Осы мақсатта қабылданған Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясының жүзеге

асырылуы – тәуелсіз Қазақстанның кемел келешекке ұмтылғандығының айғағы. Қазақстан индустриясы халық шаруашылығының индустриализация деңгейін, егеменді ел экономикасының нақтылығы мен перспективасын, қазіргі әлемдік шаруашылықтағы орны мен рөлін ақтайтын басты фактор болып табылады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Экономикалық реформа қоғамдық жарасымдылық, өткен кездің оң жетістіктері мен тенденцияларын сақтау, мемлекеттің қауіпсіздік және халықтың барлық топтарының құқықтары мен оның ерекшеліктерін қамтамасыз ету принциптеріне негізделген түбегейлі шаралардың бір-тұтас жүйесін қажет ететіні айқын болды. Қазақстан Республикасының Президенті жүргізіп жатқан экономикалық реформалар бағыты стратегиялық тұрғыдан, жалпы алғанда дұрыс.

Бірақ Қазақстандағы экономикалық реформалардың жайына жасалғанталдау жәнеолардың барысы, тактикалық тұрғыдан алғанда, Үкімет пайдаланып отырған әдістердің, нарықтық қатынастарға көшудің модельдері мен кезеңдерінің тиімсіз екенін дәлелдейді. Реформаларды жүзеге асыру бары-сында елеулі қателік-терге жол берілді. Әлеуметтік экономикалық міндеттерді жыртықты жамау әдісімен шешуден бас тартатын мезгіл жетті, тактикалық міндеттерді әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру стратегиясына сәйкестендіре шыңдап қолға алу мақсатымен жүйелі жұмыс бастайтын уақыт келді. Қазақстан Республикасын өз ерекшеліктеріне, ұлттың ментали-тетіне сай, дүниежүзілік тәжірибені ескере отырып әлеуметтік-экономикалық дамыту моделін жасайтын және іске асыратын мезгіл жетті.

